



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ӘЗІРБАЙЖАНҒА
ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН
ӘРЕКЕТТІ ҚАТАҢ
АЙЫПТАЙДЫ

2-бет



ТАЯУ ШЫҒЫСТА
ҚАЛҒАН
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР
ДЕРЕУ ЕЛГЕ ЖЕТКІЗІЛУІ
ҚАЖЕТ

4-бет



ӘУЕН
ЖЫРЫНЫҢ
ЖАМПОЗЫ

6-бет

ҚАЗАҚ УНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№9-10 (1190-1191) 09.03.2026

ӨЗ ОТЫМЫЗДЫ ӨШІРМЕЙІК



Ерсайын шығармашылығына ертеден оң көзбен қарап, қамқорлық жасаушының бірі – Алматыдағы мейрамханалық кешеннің бөлігі ретінде құрылған «Греческая таверна» көркемсурет галереясының иесі Юрий Калаиджиди. Міне, Қазақ еліндегі бейнелеу өнерінің сарапшысы, әмбе коллекционер ретінде танылған осы азамат әр кез суретші досының жеке көрмесін ұйымдастырумен келді. «Ерсайын Жапақ шығармаларында өмірге құштарлықтың ғажайып қуаты бар! Бұл нағыз Ван-Гог іспеттес шебер!» – дейтін-ді ол...

8-9 бет



3 бет

Қазір кеңестің құрығынан құтылғаннан бергі материалдардың қайсыбірінде «жас мемлекетіміз» деген тіркес өріп жүреді. Ал енді осыны көзі ашық адамдарға түсіндіріп жатудың қажеті бар ма? Дерек, дәйекпен сөйлегіш өзгелердің бұдан кейін «бұрын қазақ мемлекеті деген болмаған» деуіне өзіміз жол ашып беріп отырған жоқпыз ба?

Қазақ мемлекеті жас емес, егер тарихи деректерге сүйенсек, бізге мемлекетіміздің 500 жылдан астам байырғы тарихы белгілі. Басқасын айтпағанда, тарихшылығының өзі он тарихшыны орап алатын Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» орта мектептің оқу бағдарламасының негізгі оқулығына айналса, мұндай баланың сөзі айтылмас еді...

САҢЛАҚ САРДАР САБЫРЖАН ЕДІ...

*Танысып едік өзің жайлы аңызбен,
Бар кезде артылмайды айла бізден.
Тар кезде табылмаймыз, пайдамыз кем...
Қапастан халық қалап, босайды ерім,
Қасқырдай қақпанын да шайнап үзген...*



15 бет



КАЗАХСКИЙ
СТАНОВИТСЯ ЯЗЫКОМ
БИЗНЕСА, НАУКИ
И ТЕХНИКИ

12 бет

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЗІРБАЙЖАНҒА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ӘРЕКЕТТІ ҚАТАҢ АЙЫПТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Иранның ұшқышсыз ұшу аппараттары Нахчыван қаласындағы әуежайды атқылауына байланысты ұстанымын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы бауырлас, одақтас Әзірбайжан еліне қарсы жасалған әрекетті қатаң айыптады.

Президент болған оқиғаның мән-жайы Иран тарапымен бірлесіп егжей-тегжейлі тергелетініне, сондай-ақ екі ел арасына сызат салған жағдай аймақтағы ахуалды ушықтырмау үшін дипломатиялық тәсілдер арқылы реттелетініне сенім білдірді.

Бұған дейін Әзірбайжанның Нахчыван автономиялық республикасында пилотсыз ұшу аппараттары (ПҰА) апатқа ұшырағанын жазған болатынбыз. Алдын ала мәлімет бойынша, олар Иран қарулы күштеріне тиесілі



БАҚ хабарламаларына сәйкес, оқиға Нахчыван халықаралық әуежайы мен оған жақын орналасқан ауылдардың маңында болған. Дрондардың бірі Нахчыван халықаралық әуежайының терминал ғимаратына, ал екіншісі

Шекерабад ауылындағы мектептің маңына құлаған. Оқиға салдарынан екі бейбіт тұрғын жарақат алды. Құтқару қызметтері мен өрт сөндірушілер оқиға орнына дереу жетті, залалды бағалау және тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр.



«Даналық мектебі»
- тәрбие бастауы

Еліміздің білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының базасында жұмыс істейтін «Даналық мектебі» отбасылық тәрбие клубтарының жұмысы жүйелі жалғасып жатыр.

Клуб отбасы мен мектеп арасындағы өзара әрекеттестікті күшейтуге, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға және ұлттық тәрбие құндылықтарын сақтауға бағытталған алаң ретінде қызмет етеді.

Оқу-ағарту министрлігі мәліметінше, клуб жұмысы аясында «Әке өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы» бағыттары бойынша кездесулер, тренингтер және тәрбиелік іс-шаралар өткізіледі. Бұл сабақтар ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға және отбасылық дәстүрлерді насихаттауға бағытталған.

2025-2026 оқу жылының басынан бері клуб аясында шамамен 33 мың іс-шара ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында сабақтардың мазмұны заманауи тәрбиелік міндеттерді ескере отырып жаңартылды.

Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, ұрпақтар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты нығайтуға, оқу-

шыларды кітап оқуға баулуға, қаржылық сауаттылықты арттыруға, сондай-ақ өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасы мүшелерінің рөлі мен жауапкершілігін ұғындыруға ерекше назар аударылып жатыр.

Еске сала кетейік, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары 2023 жылдан бастап еліміздің барлық мектебінде «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жұмыс істейді.

«Даналық мектебі» клубы тек іс-шаралар ұйымдастыру форматы ретінде ғана емес, сонымен қатар отбасылық құндылықтарды нығайтуға, өзара құрметті қалыптастыруға және әрбір қоғам мүшесінің азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін рухани-тәрбиелік алаң ретінде қарастырылады.

Айта кетейік, жемқорлардан тәркіленген қаражат есебінен 89 мың оқушыға орын ашылды.

Лицензиялау жүйесі жаңартылады

Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық комитеті министрлік медициналық зерттеу лицензиялардың қолданылу мерзімін 5 жылға белгілеуді көздейтін заң жобасын әзірлегенін хабарлады.

Комитет дерегіне сәйкес, заң жобасы медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. Бұл жаңашылдық емханаларға бизнеске қосымша салмақ түсірмей, қажетті деңгейде қызмет көрсетуге дайындығын жүйелі түрде растауға мүмкіндік береді.

— Қазір Қазақстанда медициналық қызметпен айналысуға лицензия белгісіз мерзімге беріледі. Демек, мемлекет оны алғаннан кейін медициналық ұйымның жұмысын жалғастыра беретінін және оның белгіленген талаптарға сай келетіні туралы ақпаратты жүйелі түрде жаңарту мүмкіндігіне ие болмайды. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 82 және 83-баптарына сәйкес, енгізілген 5 жылдық шектеудің медициналық лицензияның қолданылу мерзіміне реттеушілік әсерін талдау нәтижелері бойынша мүдделі тұлғалар мен бұқаралық ақпарат құралдарына жария талқылау туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылдың 18 наурызында сағат 11:00-де ZOOM арқылы мына сілтеме бойынша өтеді, — делінген хабарламада.

МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРЕДІ

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарында белсенді емес және сақтандырылмаған пациенттер болған жағдайда төмендетуші коэффициенттерді енгізу нәтижесінде емханалар бекітілген контингентті өзекемдіру және азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тарту бойынша жұмысты күшейтті.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауына, жаңа қаржыландыру моделі медициналық ұйымдарда ұзақ уақыт бойы медициналық көмекке жүгінбейтін пациенттердің, сондай-ақ сақтандырылмаған адамдардың үлесі жоғары болып сақталған жағдайда қаржыландыру көлемін төмендетуді көздейді.

Осылайша, қаржыландыру тікелей пациенттердің нақты белсенділігіне және олардың МӘМС жүйесіне қатысуына тәуелді болады. Қабылданған шаралар алғашқы көмектің қолжетімділігін



арттыруға және профилактикалық жұмысты күшейтуге бағытталған. Ерекше назар созылмалы ауруларды ерте анықтауға, скринингтер жүргізуге және диспансерлік бақылауды кеңейтуге аударылады.

2026 жылы Денсаулық сақтау министрлігі халықты бекіту қағидаларын қайта қарауды, қызмет көрсетушілерді сатып алуға жіберудің жаңа өлшемшарттарын енгізуді, ауылдық ерекшеліктерді ескере отырып бастапқы буынды қаржыландыру

моделін жаңартуды және скринингтерді облыс орталықтары деңгейінде орталықтандыруды жоспарлап отыр.

— Реформаларды іске асыру Мемлекет басшысының денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту және халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде жүзеге асырылуда, — делінген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Қазақстан киносының күндері ауылдан басталды

Қазақстан киносы күндерінің ашылу салтанаты Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов ауданының Новошишское ауылында өтті. Жобаның басты мақсаты — ұлттық киноны еліміздің барлық өңірлерінің тұрғындарына, соның ішінде шалғай елді мекендерге де қолжетімді ету. Ашылу салтанатында болған оқиғаларға негізделген, Халық Қаһарманы, полиция капитаны Ғазиз Байтасовтың ерлігіне арналған «Капитан Байтасов» фильмі көрсетілді.

Апта бойы өңір тұрғындары мемлекет қолдауымен түсірілген үздік қазақстандық фильмдерді тамашалай алады. Сондай-ақ, облыста аудандық креативті IT-орталық — «Digital Zerde» базасында Цифрлық музей ашылды. Аталған музей — аудан тарихын заманауи технологиялар арқылы таныстыратын интерактивті кеңістік.

Жоба ауылдарда цифрлық және креативті инфрақұрылымды дамытуға бағытталған Digital Аймақ бастамасының бір бөлігі.

Өткен жылы Кино күндері аясындағы көрсетілімдер еліміздің барлық өңірінде өтіп, шамамен 2 миллион көрерменді қамтыды. Биыл жоба халықаралық тақырыптарға басымдық берілгенін Қазқстанның тарихы, мәдениеті мен рухани құндылықтарын арқау еткен фильмдерді өзге өңірлерде де ұсынатын болады.

Бұған дейін жыл сайынғы кино-жобалар конкурсында биыл қандай тақырыптарға басымдық берілгенін жазған болатынбыз.

Ұлттық орталық музейде сирек киножұлдыздар көрмесі ашылды.

Баланы жастан...

Елімізде мектепке дейінгі ұйымдарда «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба 2026 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен іске қосылды.

Жобаның негізгі мақсаты — мектеп жасына дейінгі балалардың мамандықтар әлеміне қызығушылығын арттыру, еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыру және түрлі іс-әрекет арқылы олардың жеке қабілеттерін дамыту.

Пилоттық жобаға еліміздің 20 өңірінен 100 мектепке дейінгі ұйым қатысып жатыр. Жоба аясында балабақшаларда балаларға арналған арнайы тәжірибелік бағыттар ұйымдастырылуда. Олардың қатарында:

зергерлік, аспаздық, тігінші, инженерлік зертхана, құрылыс алаңы, жылыжай және бау-бақша алаңы, қолөнер шеберханасы бар.

Бұл алаңдар арқылы балалар еңбек түрлерімен танысып, шығармашылық және практикалық дағдыларын дамыта алады. Пилоттық жобаны іске асыру үшін «Ерте жастан кәсіпке және еңбекке баулу» әдістемелік ұсынымдары мен нұсқаулықтары, сондай-ақ арнайы іс-қимыл жоспары әзірленді.

Жоба шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі танымдық және тәжірибелік іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Мамандардың айтуынша, бұл бастама балалардың еңбекке құрметпен қарауын қалыптастырып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және болашақ мамандықтар әлеміне қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

**Қазақ мемлекеті
жас мемлекет емес**

Қазақ тұтас этнос, ұлт болып қалыптасқаннан бері өз Тәуелсіздігі үшін күресіп келген. Оның ең соңғысы – кешегі 1941 жылғы ұлы орыс соғысында кеңес мемлекеті құрамында соғысқандығымыз. Бірақ, бұл – КСРО-ның тұтастығы, «тәуелсіздігі» үшін болған соғыс еді. Содан кейінгісі – 1986 жылғы Желтоқсан қырғыны. Әрідегі сак, ғұн дәуірін айтпағанның өзінде берідегі хандық кезеңнің небір алапат оқиғаларын жіліктеп, талдап көрсетіп беру қай тарихшының тақиясына тар келер еді. Сол тарихтың дұрыс, жүйелі, түсінікті тілмен, оқушы (мектеп оқушысы) санасына лайықталып жеткізілмеуі, оқытылмауы салдарынан біз әлі күнге дейін мемлекетімізді жас мемлекет деп сөйлейміз. Бұл да болса әбден бүгежек етіп тастаған кешегі кеңестік жүйенің санада қалыптастырған маргиналды көзқарасынан әлі де арыла алмай жүргендігіміздің салдары.

Қазір кеңестің құрығынан құтылғаннан бергі материалдардың қайсыбірінде «жас мемлекетіміз» деген тіркес өріп жүреді. Ал енді осыны көзі ашық адамдарға түсіндіріп жатудың қажеті бар ма? Дерек, дәйекпен сөйлегіш өзгелердің бұдан кейін «бұрын қазақ мемлекеті деген болмаған» деуіне өзіміз жол ашып беріп отырған жоқпыз ба?

Қазақ мемлекеті жас емес, егер тарихи деректерге сүйенсек, бізге мемлекетіміздің 500 жылдан астам байырғы тарихы белгілі. Басқасын айтпағанда, тарихшылығының өзі он тарихшыны орап алатын Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» орта мектептің оқу бағдарламасының негізгі оқулығына айналса, мұндай баланың сөзі айтылмас еді.

Қазақ халқының тарихына қатысты Қытайдағы, Ирандағы, Ресейдегі, т.б. елдердегі көне жазбаларды қазір көптеп ақтарып жатырмыз. Бірақ, сол тарихтың көбісінен ештеңе ұғынып болмайсың, не терең түсініктеме немесе ғылыми сараптау жетіспейді. Дерек, хронологиялық сипаттама аткөпір, ал оны түсіндіруде ғылыми зерде, логика кемшін. Ал, Мағауиннің немесе Сейдімбектің тарихқа, мәдениет тарихына қатысты еңбектерін оқысаң көп нәрсе түсінікті болып шыға келеді. Өзі күрделі дүниені күрделі сөйлемдермен шиырлап шығу дағдыға айналған секілді.

70-80-жылдары туған бала Қазақ мемлекетінің тарихын 90-жылдардан, әрі кетсе 86-дан бастаған деп ұғынуы өріс ала бастаған сыңайлы. Оның дәлелін Тәуелсіздіктің он... жиырма жылдығына байланысты мектептерде өткен кештерден-ақ талай аңғардық. Балалар, әрине (санасы орыстық рухтан әлі ажырамаған деп түсініңіз) Үйсін, Қаңлы, Алшын мемлекеті (өзінің мемлекетті басқару тетіктері, Жарғысы, елтаңбалары), қазақтың кеңес



**Қазақ халқының
рухани
құндылықтары,
тарихымыз,
салт-дәстүр,
елдің бірегейлігі
туралы сөз
күн тәртібінен
түспейді.**

ӨЗ ОТЫМЫЗДЫ ӨШІРМЕҮІК!

заманынан бұрын әлденеше рет астанасы болғанын, патшалық Ресейге бодан болғанға дейін Тәуелсіздіктің дәмін татып үлгергенін, Кеңес Одағының құрамына кіргеннен кейін де Тәуелсіздік үшін толасыз күрес жүргенін қайдан білсін. Бала санасына тарихи жадыны тез сіңірудің жолы – мәдениеттің тарихын оқыту, қазақтың бес мыңнан астам күйі болса – соның бәрі тарих. Қазақтың тарихы ән, күйі, рухани жәдігерлері арқылы қалып отырған. Оған мысал келтірсек, терендеп кетеміз.

Тарихты бүгінгі ұрпаққа түсінікті етіп оқытудың оңтайлы методикасын, тәсілін таппайынша, тарихты әркімнің өзі келген жерден бастауы тоқтамайды.

Дәстүр сақталмаған жерге жын-шайтан үйір

Бір тойда отырмыз. Ортаға үлкендігі үйдей жерді алатын торт алып келді.

Тортты айнала қаптатып балауыз жағып қойыпты. Бір уақытта жұрт жабылып жүріп жанып тұрған шырақты өшірді. Үрлеп жүріп, өз отын өзі өшірді. Ырымға жақсы ма?

Жақсы емес. Бұл қазақтардың «өз отынды өшірме» деп кеткен Оралханды оқымағаны өз алдына, еуропалық дәстүрде той өткізуге бет бұруы біраздан бері қалыптасып келе жатқан жағдай.

Қазіргі өзіміз көп баратын үйлену тойларында дәстүрдің қарапайым деген түрлерінің өзі сақтала бермейді. Көзіміз үйренген көрініс – қаптаған тамада, әртіс жалдау, бірін-бірі жата келіп мақтау, қысқасы, қып-қызыл бәсеке. Тойдан тобықтай тағылым түйе алмай түңіліп қайтасын.

Дәстүр сақталмаған жерге жын-шайтан үйір.

Дәстүр қандай болады, қалай дамиды, қалай жаңғырады, ұрпақтан-ұрпаққа қалай жалғасады?

Құдайға шүкір, жұрттың бәрі жәдігөй болып кеткен жоқ, дәстүрдің жаңғырып жатқан жайы бар.

Еске түседі, сонау бір жылы Жезқазған қаласының «Сарыарқа» ойын-сауық кешенінде қазақтың танымал, зиялы азаматының қызы Айгүлді ұзату тойы өтті. Үйлену тойының бастапқы тұсындағы назар аударатын ерекшеліктер мынау болды.

Той өтетін ғимараттың есігінен жас жұбайлар тоқтайтын (көпшілік алдында) тұсқа дейін ақ мата төселді. «Ақ жол – ақ отауға бастар адалдық жолы» деген ұғымды, тілекті ишаралап тұрғандай. Беташар кезінде келіннің екі жеңгесі қоса тұрды. Бетке тұтылған ақ матаға бір-біріне тізбектей жалғанған бас орамал байланған. Оның ұшын таяққа байлап, жас баланың қолына ұстатқан жыршы беташар жырын айтып: «Бір сәлем» деген кезде бала таяқты қозғап қалады, келін сәлем береді.

Бір-біріне тізбектей жалғанған орамал – ұрпақ сабақтасығы, жас бала – ізбасар ұрпақ өкілі.

Бәрін тәптіштеп айтып жатпай-ақ қоялық. Айгүлдің – ұзатылған қыздың – келіннің киім үлгісіне назар салыңызшы.

Келіннің басына тақия-жаулық кигізілген. Тақия – балалық белгісі, жаулық – келін болған кездің белгісі. Үйлену тойы – осы кездің белгісі. Үйлену тойы – осы екі дәуреннің алмасар шағы. Тақия-жаулық осыны мензейді. Осы сияқты шашты қос бұрымдап өріп, оны шашбаумен байлаудың астарында да осындай ишара-белгі жатыр.

Айтайын дегеніміз сол, қыз ұзатып, келін түсірудің осы нәзира үлгісін елпілдеп еуропаша той өткізгіштердің есіне салу еді.

Махаббаттың тілі...

Бала кезімізде «ұрлық» жасайтынбыз. Бірақ, жақсы мағынасындағы ұрлық еді ол. Кітапханадан кітап ұрлайтынбыз. Кейде жазырып алған жақсы кітабымызды кітапханашы апай ұмытып кетсе деп тілейтінбіз.

Бір күні «сендерге махаббат туралы ойлау әлі ерте, жаман неме, сабағынды жетістіріп ал» деген үлкендер сөзімен ауызданып жүргенімізде кітапханадан Төлеген Айбергеновтің «Мен саған ғашық едім» атты кітабына кезіктім.

Кітапты аялай ұстап, кітапханашы апайға қарай беттедім. Апай көзәйнегінің астымен жақтырмай қарап отырды да мырс етті. Әйтеуір, оқуға рұхсат етті-ау. Әлде балалық түсінік пе білмеймін, сол кезде біздің ауылдың бәрі махаббат туралы кітап оқитын секілді көрінетін. Осы ынтызарлық жалғаса берді. Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббаты», Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдары», т.с.с.

Балалық аралының қазынасын ақтарсаң таусылмайды ғой.

Бір күні ағам мен жеңгемнің бір-біріне жазысқан сүйіспеншілік хаттары ғайыптан қолыма түсті. Махаббат теориясы мәселесінде көркем әдебиетпен көзім ашылып, әжептәуір «тәжірибе» жинап қалған маған мына хат сондай таңсық көрінді. Бір түрлі оқыған сайын тартып барады.

«Шіркін, Шәмші-ай!.. Асылым! Менің саған деген бар сезімімді Шәмшідің әндері-ақ жеткізіп қойғандай. Ал, сен менің сол Шәмшімен жақын дос екенімді де білмейсің ғой. Екеуіміз бірігіп саған арнап ән жазбақ ойдамыз. Құдай қаласа, ол арманымызға да жетер күн алыс емес шығар деп ойлаймын, күнім!..»

Бүгінде жеті баланың анасы, әлі де сұлу, сүйкімді жеңешеме

қазір уақыттың құзырымен «мезгілсіз қартайған» менің ағамның жазған осындай сарындағы сырлы хаттары әлі күнге сақтаулы. Қазір ол осы хаттарды алтынға да айырбастамас еді.

Кейіннен ағамнан: «Шәмшімен дос болған екенсің ғой» деп ақырын сыр тартып сұраймын ғой. Сөйтсем ағам: «Қайдағы, мына жеңгенді қолға түсірудің амалы ғой бәрі. Ол кезде қыздың бәрі Шәмшіге ғашық болатын, Шәмшінің досымын деп қолға түсірдім емес пе жеңгенді. Әйтпесе қарайтын түрі жоқ. Жеңген хат жазамын деп жүріп жазушы болып кете жаздағанбыз» деп ырқ-ырқ күледі көкем.

Шынайы сезімді жеткізу үшін жазушы болу міндет емес шығар. Жүректен шыққан сөз қашанда жүрекке жетеді.

Жүрек не десе ауыз соны айтады. Ол кездегі ұл-қыздардың ибалығы, ұяңдығы сондай, ғашық сезімдерін, жүреkteгі жазбаларын осындай хұсни хатпен білдірген ғой.

Ал, қазіргі компьютер заманында осындай хаттар жазыла ма? Тек екі жүрек қана аялай білуге тиісті сүйіспеншілік, асыл сезімдер қалай көрініс тауып жүр? Екі жас бір-біріне ынтық көңілін қалай білдіреді? Оның үстіне біз балаларға махаббат туралы ән салма деп жекіреміз. Сонда оның сүйіспеншілік сезімін қалай жетілдіреміз, қалай тәрбиелейміз? Оны айтатын адам да жоқ.

Балконда тұр едім. Екі жас жүгіріп келіп жауыннан жасырынды. Екеуі де қазақтың баласы. Өліп-өшіп сүйісіп жатыр. Орысша сөйлейді, орысша сүйіседі. Музыкасы да орысша. Бір-бірін сүйетінін бөгде сөзбен, бөгде қылықпен дәлелдеп жатыр. Бір түрлі нанымсыз, шынайы емес.

Тағы да балалық аралының қазынасы есіңе түседі. Ол замандағы махаббаттың тілі – хат, көркем әдебиет, «Қыз Жібек» секілді көркем кинолар еді. Ал, қазіргі махаббаттың тілі қандай? Шетелдік телесериалдар, атыс шабыс, боевик пе?..

...Бүгінде орны да жоқ сол бір кітапхананы қазір өлердей сағынамын. Дүниедегі махаббат туралы кітаптың бәрі сол кітапханада болатын. Ол бейнебір махаббаттың бесігіндей еді...

Қазіргі жастар махаббат туралы өз ана тіліндегі кітаптарды оқи ма екен? Әлде қазақ жазушылары қазір махаббат туралы басқаша жазса ма? Мүмкін махаббат босқа жазғыратын шығармыз, махаббаттың тілі өзгерген болар?

Мүмкін емес, әр ұлттың өз махаббатының тілі бар. Демек, қазіргі қазақ жастарының махаббатының тілі қалай шықса, ертеңгі тірлігі де солай болмақ.

Ұзында жарыған далалық махаббатқа не жетсін!

**Қали СӘРСЕНБАЙ,
жазушы**

Таяу Шығыстағы әскери қақтығыс жағдайында тікелей және баламалы бағыттар арқылы біздің азаматтарды эвакуациялау әрекеті Президент К.Тоқаевтың Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында тікелей берілген тапсырмасына сай жүргізілуде.

Үкімет пен жеке бизнестің үйлестірілген және жедел өзара іс-қимылы нәтижесінде, барлық қазақстандықтар жақын арада елге аман-есен оралады деген сенімдеміз.

«Туристтік Қамқор» қорының мәліметінше, белсенді ұрыс қимылдары басталған сәтте, Біріккен Араб Әмірліктерінде 3 мыңға жуық қазақстандық азамат, Катарда – 1 мыңнан астам, Мекке мен Мединада – 200-ге жуық адам болған. Бұл тек туристер ғана.

Сонымен қатар, бұл аймақтарда тұрақты қоныс ететін азаматтар мен студенттер де бар екенін ескеру қажет және олардың көбісі, әрине, елге оралуы қалайды.

Зымыран соққыларымен алмасу нәтижесінде, таяу шығыс елдерінде азаматтық әуе қатынасы тоқтатылып немесе шектелген болатын.

Жағдай Ушыққаннан кейін, белсенділік шектеуі әуежайлар аймақтан қашқан асау байлар мен топ-менеджерлер үшін негізгі нысанаға айналды. Сұраныстың артуы, коммерциялық рейстерінің бағасын жүздеген мың долларға дейін көтерді.

Бұл ретте айта кету керек, екі белгілі қазақстандық банк жанжал аймағында қалған өз клиенттеріне қаржылық қолдау көрсететінін жариялады.

Осымен қатар, Көлік министрінің жедел штаб отырысында-да, отандық авиакомпаниялар, әуе кеністігі ашылған



Таяу Шығыста қалған қазақстандықтарды эвакуациялауға қатысты депутаттық сауалды «Ақ жол» фракциясының мүшесі, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Ерубайев жолдады.

ПРЕМЬЕР МИНИСТРДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Р.СКЛЯРҒА

ТАЯУ ШЫҒЫСТА ҚАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ДЕРЕУ ЕЛГЕ ЖЕТКІЗІЛУІ ҚАЖЕТ

кезде, әуе кемелерін ұсынуға дайын екендіктерін мәлімдеді.

Бұл бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің көрсетеді.

Аталған шаралар ерікті және оны жеке компаниялар жүзеге асыратынын ескерсек, адамдарды эвакуациялау қандай көздер есебінен қамтамасыз етіледі деген сұрақ туындайды?

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасында, Мемлекет тыс жерлердегі өз азаматтарын қорғауға кепілдік береді делінген.

Қазіргі жағдайда, туроператорлардың ұйымдастыру функцияларын 2016 жылы құрылған «Туристтік Қамқор» қоры атқаруда. Туристтік жолдамалардың құнына енгізілген міндетті аударымдар есебінен қаржыландыратын қордың негізгі мақсаты: мыңдаған азаматтарды эвакуациялауды талап ететін ауқымды жағдайлар емес, туроператорлар өз міндеттемелерін орындамаған, немесе банкроттыққа шалыққан кезде,

туристердің елге қайтарылуын қамтамасыз ету үшін құрылған болатын.

Қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің өзгеру сипатын ескерсек, болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын жоққа шығаруға болмайды.

Қазіргі уақытта, демалыс үшін Бурабай, Катонқарағай, Маңғыстау және т. б. сияқты ішкі туризм объектілерін таңдау әлдеқайда қауіпсіз.

Мемлекет басшысы 10 ақпанындағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында, цифрлық технологияларды қолдана отырып, сақтандыру өндірісін жетілдіріп, олардың қолжетімділігін арттыру қажеттігін мәлімдеп, сақтандыру нарығын мемлекеттің, азаматтардың және бизнестің ықтимал тәуекелдер үшін ортақ жауапкершілігі мәдениетін қалыптастырудың маңызын институты ретінде қарастыру қажеттілігін атап өткен болатын.

Сонымен қатар, ол мемле-

кеттік-жекешелік әріптестіктің форматы мен әлеуетін кеңейту қажеттігіне назар аударды.

Сондықтан осындай төтенше жағдайларда азаматтарды жаппай эвакуациялауға ұйымдық дайындықты қамтамасыз ететін мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының қосымша хаттамаларын енгізу орынды деп санаймыз.

Мәселе сақтандыру нарығын дамыту туралы ғана емес.

Шын мәнінде, осындай мәселелерді шешу кезінде, мемлекет пен бизнестің жүйелі өзара іс-қимылын көздейтін мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа моделі қалыптасады.

Осыған байланысты келесіні хабарлауды сұраймыз:

1. Азаматтарды эвакуациялауға байланысты авиакомпаниялардың шығындарын мемлекет тарапынан өтеу қозғалып тұр ма? Әлде мұндай іс-шаралар тек бизнестің өз қаражаты есебінен жүзеге асырыла ма?

2. «Туристтік Қамқор» қорының қызметі шеңберінде, қарулы қақтығыстар және әуе қатынасының жабылуы жағдайында қазақстандық азаматтарды жаппай эвакуациялауды ұйымдастыру кезінде, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының қаржылық

және құқықтық тетіктері көзделген бе?

3. Ұйымдастырылған туристерден басқа, шетелде жүрген отандастарымызға тиісті тетіктер қолданыла ма?

4. Осындай тетіктер болмаған жағдайда, Үкімет пен бизнес арасындағы өзара іс-қимыл моделін жетілдіру мүмкіндігін, 2026 жылғы 10 ақпанда берілген Президенттің тапсырмаларына сәйкес, нарықтық сақтандыру құралдарын енгізу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік форматын кеңейту арқылы, қарастыруды ұсынамыз.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары:

С. Ерубайев,
А. Перуашев,
Д. Еспаева,
Е. Барлыбаев,
К. Иса,
О. Нұралдинов

«Ақ жол» партиясының отандық тауар өндірушілер тізілімін жетілдіру және қазақстандық қамтуды ынталандыру туралы депутаттық сауалын фракция мүшесі, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты О.Нұралдинов жолдады.

ҚР ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРІ Е.НАҒАСПАЕВҚА

«Ақ жол» демократиялық партиясы қазақстандық қамтуды дамыту мен елдің өнеркәсіптік іргесін нығайтуды дәйекті түрде қолдап келеді. Сыртқы тұрақсыздық пен бәсекелестіктің күшеюі жағдайында өндірісті локализациялауды тереңдету экономикалық тұрақтылық пен ұлттық экономиканың өнеркәсіптік іргесін дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Отандық тауар өндірушілердің тізілімін құру локализацияны есепке алудың ашық жүйесін қалыптастыру мен технологиялық операцияларды игерудегі маңызды қадам болды. Тізілім қазақстандық кәсіпорындардың корпоративтік сатып алуларға басымдықпен қатысуына институционалдық негіз жасап, ұлттық бизнесті қолдаудың тиімді құралына айналуы тиіс.

Оны технологиялық операцияларды игеруді бағалау арқылы енгізудің өзектілігі нақты өндірушілерді жалған өндірушілерден ажыратуға және өндірістік процестерді жаңғыртуды ынталандыруға мүмкіндік береді.

Биыл ақпанның 10 күнгі Үкімет отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп атап өткен еді: «Жоспарланған өндіріс көлеміне нұқсан келтірмей... Отандық тауар өндірушілер тізілімін шұғыл түрде іске қосу қажет. Министрліктер қабылдап жатқан жаңа ережелер мен ше-

шімдер шетелдік және отандық компанияларға төбеден жай түскендей болмауы тиіс. Бұл жөнінде отандық және шетелдік

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР ТІЗІЛІМІ ІСКЕ ҚОСЫЛСЫН

компаниялардан белгілер келіп түсуде».

Шынында да, «Ақ жол» демократиясына машина жасау, химия өнеркәсібі және IT-сектор кәсіпорындарынан («Инкар-1» ЖШС, «КазПолимер» ЖШС, «Q-Space» ЖШС, «Stark Alpha» ЖШС және басқалар) Тізілімнің жекелеген жұмыс істеу аспектілерін жетілдіру мәселелері бойынша өтініштер түсуде.

Атап айтқанда, стандартталмаған өнімді Тізілімге енгізу кезінде технологиялық операцияларды фото және бейнефиксациялау үшін бұйымдарды алдын ала дайындау талап етіледі. Өндірістің жобалық сипатын ескере отырып, салалық ерекшеліктерге сай мұндай операцияларды растаудың қосымша, неғұрлым икемді түрлерін Тізілім рәсімдеріне енгізу орынды деп санаймыз.



тәуекелімен тікелей байланысты.

Тізілімнің инновациялық және инвестициялық сипатын ескере отырып, рәсімдердің уақытында жүзеге асырылуы өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және оның өнім экспортындағы үлесін арттыру үшін аса маңызды мәнге ие.

Мемлекет басшысы жоғарыда аталған Үкімет отырысында өңдеуші былтыр өнеркәсіп 6,4% деңгейіндегі тұрақты өсім көрсеткенін атап өтті. Алайда, сонымен бірге өңделген тауарлар экспортының төмендеуі тіркелуде. Сондықтан, өңдеуші өнеркәсіпке ерекше назар аудару қажет деп тапсырған еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дәл осы сала Отандық тауар өндірушілер тізілімінің реттеу нысанасы болып табылады.

Бұдан бөлек, «Ақ жол» демократиясы Тізілімнің қолданылу аясын тек мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларымен шектемей, шетелдік қатысуы бар ірі тау-кен өндіруші компаниялардың келісімшарттарына да тарату қажет деп санайды.

Отандық кәсіпорындардың мәліметінше, ірі тау-кен металлургия кешеніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында мемлекет ішілік құндылық бойынша талаптар болғанына қарамастан, көп жағдайда қазақстандық өндірушілерге басымдық қамтамасыз етілмейді және ашық бақылау жүйесі жок.

2022 жылғы конституциялық реформаға және Жаңа Конституция жоба-сына сәйкес жер қойнауы Қазақстан халқына тиесілі екенін ескере отырып, тау-кен өндіру саласындағы шикізат алпауыттары үшін де Отандық тауар өндірушілер тізілімін міндетті түрде қолдануды

қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясы төмендегіні сұрайды:

1. Отандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу және мәртебесін ұзарту жөніндегі өтінімдерді қараудың болжамды әрі регламенттелген мерзімдерін қамтамасыз ету, сондай-ақ өтініш берушілерді қарау барысы туралы міндетті түрде хабардар ету.

2. Жобалық, машина жасау және жоғары технологиялық өндіріс ерекшеліктерін ескере отырып, технологиялық операцияларды растау критерийлерін жаңарту, оның ішінде локализацияны растаудың неғұрлым икемді түрлерін енгізу.

3. Деректерді объективті верификациялау мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы мемлекет ішілік құндылықты есептеудің бірінғай ашық цифрлық әдістемесін әзірлеп, енгізу.

4. Тізілімге енгізілген отандық өндірушілер өнімінің басымдығын тау-кен металлургия кешенінің ірі жер қойнауын пайдаланушылары мен олардың мердігерлерінің сатып алуларында нақты қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ мұндай сатып алулардың үлесі бойынша міндетті есептілікті енгізу.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары:

О. Нұралдинов
А. Перуашев
Д. Еспаева
С. Ерубайев
Е. Барлыбаев
К. Иса

Жуырда Түркітілдес Журналистер Қорының бастамасымен бір топ жұрталық ақпарат құралдарының өкілдері Алматы облыстық көпсалалы клиникасында онкологиялық ауруларға байланысты тегін тексеруден өтті. Бұл игі шараны жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырып келе жатқан – қор жетекшісі Нәзия Жоймергенқызы. Таң сәріден 25-30 журналисті бастап келген ол медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып, қоғам үшін аса маңызды профилактикалық тексерудің үлгісін көрсетті.

Шара барысында қатысушылар маммография, ультрадыбыстық зерттеу, қан талдауы және дәрігер-онкологтардың кеңесінен өту мүмкіндігіне ие болды. Мұндай бастамалар тек журналистердің денсаулығын тексерумен шектелмей, қоғамда профилактикалық мәдениетті қалыптастыруға да ықпал етеді.

Кездесу барысында онколог-дәрігерлер қатерлі ісік туралы жан-жақты ақпарат беріп, аурудың алдын алу жолдары мен ерте диагностиканың маңызын түсіндірді. Мамандардың айтуынша, халықтың бір бөлігі «рак» диагнозынан қорқып, тексерілуден қашақтайды. Соның салдарынан дерт көбіне кеш анықталып, емдеу мүмкіндігі күрделене түседі. Ал ауру ерте кезеңінде анықталса, толық жақылау шығаруға ықтималдығы әлдеқайда жоғары.

Дәрігерлердің айтуынша, қазіргі таңда қатерлі ісік ауруларын анықтауға арналған медициналық технология айтарлықтай дамыған. Заманауи аппараттар мен зертханалық талдаулардың арқасында ісікті бастапқы кезеңінде анықтап, тиімді ем жүргізуге мүмкіндік бар. Сондықтан профилактикалық тексерулер – әрбір адамның денсаулығын сақтаудың маңызды қадамы.

Көпшілік біле бермейтін маңызды жайттың бірі – еліміздегі барлық медициналық ұйымдарда ай сайын «Ашық есік күні» өткізіледі. Бұл күні міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәртебесіне немесе тіркелген жеріне қарамастан кез келген азамат тегін тексеріліп, қажетті аппараттық зерттеулерден өте алады.

Дәрігерлер мұндай мүмкіндікті тиімді пайдалану қажеттігін айтады. Себебі көптеген аурулар бастапқы кезеңінде ешқандай

белгі бермейді. Тек медициналық тексеру арқылы ғана оларды ерте анықтауға болады.

Бүгінде еліміз бойынша онкологиялық дертпен диспансерлік есепте тұрған науқас саны 240 мың адамға жуық. Тек 2025 жылдың өзінде 41 мыңға жуық азаматқа алғаш рет қатерлі ісік диагнозы қойылған.

Дегенмен, медицинаға жетістіктердің, ерте диагностиканың және скринингтік бағдарламалардың нәтижесінде соңғы жылдары өлім-жітім көрсеткіші шамамен 14 пайызға төмендеген. Бұл көрсеткіш онкологиялық аурулармен күресте профилактикалық шаралардың тиімді екенін көрсетеді.

Алматы облысында халық саны 1 586 875 адам болса, олардың 12 285-і онкологиялық есепте тұр. 2025 жылы өңірде 2 222 жаңа науқас тіркеліп, есепті кезеңде 716 адам өмірден озған.

Мемлекеттік скринингтік бағдарламалардың нәтижесі де назар аударарлық. 2025 жылы 74 мың әйел сүт безі обырына тексеріліп, 160 жағдай анықталған. Сондай-

КӨП ЖАСАЙМЫН ДЕСЕҢІЗ...



ақ, 62 мың әйел жатыр мойны обыры бойынша қаралып, 36 жағдай тіркелген.

Сонымен қатар, 90 мыңға жуық адам колоректалдық обырға тексеріліп, 34 ісік анықталған.

Жалпы скрининг нәтижесінде 230 қатерлі ісік тіркелген және мыңдаған обыр алды өзгерістер анықталған. Бұл – ауруды

асқындырмай анықтауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіш.

Өткен жылы жылжымалы медициналық кешендер арқылы 13 мыңнан астам зерттеу жүргізіліп, алыс елді мекен тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетілді. Мұндай кешендер шалғай ауыл тұрғындарына медициналық көмекті

қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Нәтижесінде 32 адамға қатерлі ісік диагнозы қойылып, 290 науқас күдікпен ілінді. Сонымен қатар 490 тұрғыннан обыр алды аурулар анықталған.

Колоректалдық қатерлі ісік бойынша 2025 жылы 172 науқас тіркеліп, оның 111-і аурудың бастапқы екі сатысында анықталған. Жыл соңында есепте тұрғандар саны – 892 адам.

Сүт безі қатерлі ісігі – әйелдер арасында ең жиі кездесетін дерттердің бірі. Өткен жылы 319 жаңа жағдай тіркеліп, оның 294-і ерте сатысында анықталған. Жалпы есепте 2 691 науқас тұр.

Жатыр мойны қатерлі ісігі бойынша 119 жаңа жағдай тіркеліп, оның 112-сі бастапқы кезеңде анықталған. Қазіргі таңда есепте 1 188 науқас тұр.

Науқастарды дерт кезінде мамандандырылған көмекке жеткізу үшін елімізде «жасыл дәліз» жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйеге 112 жалпы практика дәрігері тартылған.

Аталған жүйе күдік туындаған науқастарды қысқа мерзім ішінде толық тексеруден өткізіп, нақты диагноз қоюға мүмкіндік береді. Соның арқасында емдеуді кешіктіріп бастауға жол ашылады.

Мамандардың айтуынша, қатерлі ісік – үкім емес. Егер ол уақытында анықталса, тиімді ем жүргізіп, адамның өмірін сақтап қалуға болады.

Ең қауіптісі – қорқыныш пен немқұрайлылық. Әсіресе ер адамдар денсаулығын кейінге ысыра беретін әдеттен арылуы тиіс. Көп жағдайда ер азаматтар дәрігерге тек ауру асқынған кезде ғана жүгінеді.

Дәрігерлер халықты профилактикалық тексерулерден жүйелі түрде өтіп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырады. Дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден бас тарту, физикалық белсенділік және уақытылы медициналық тексеру – көптеген аурулардың алдын алудың тиімді жолы.

Өйткені уақытында анықталған дерт – сақталған өмір.

Жанұр ЫСҚАҚ



МӘСЕЛЕ

Заман талабына сай қоғамда жаңалықтар көбеюде. Әсіресе, технологиялардың қарқынды дамуына байланысты бүгінгі таңда жастар әлеуметтік желісіз өмір сүре алмайтындай деңгейге жетті. Мәселен, соның бірі – TikTok.

Қытайлық ByteDance компаниясы 2016 жылы бұл қосымшаны еске қосқанда желі пайдаланушысы өңір мен бидің айналасындағы неғіз таспалар жасасын деген мақсатты алға тартқан. Араға бір жыл салып америкалық Musical.ly платформасын сатып алғаны да – сол ниет. Себебі, адам назарын бірден ұстап, нарықта алдыңғы орынға шығу үшін YouTube-тағыдай ұзақ бейнетаспа көрсету тиімсіз еді. Ал қысқа бейнеролик дофамин беретіндіктен адам да көре беруден шаршамайды. Бұл ғылым тілінде «скроллинг» деп аталады.

Шегі мен шеті жоқ контентті көру арқылы адам жаңа эмоция, әсер, күй алуға тырысады. Ми автоматты түрде мұны марапат деп қабылдап, экранды тоқтаусыз басуға жұмыс істейді. Себебі, алгоритм бойынша бейнетаспа ұнаса адам лүпіл жіберіп, ерекше ақпарат алады, ұнамаса астын жылжыту арқылы адамға соған ұқсас не басқа видео шығады. Соның сәрінен ми қабатында ақаулар пайда болады. Мысалы, назар әдеттегідей тұрақты болмайды, бір орнында отыру, оқу қиындайды, жеңілдік

АЛГОРИТМГЕ ДЕ ТАЛҒАМ ҚАЖЕТ

TikTok білім құралы ма, әлде уақытты ұрлауытын алаң ба?



үстімен ойлайтындай деңгейде ғана ми жұмыс істейді, ақпарат үстірт қабылданады. Бұл орта жастағы адамдар үшін ғана емес, балалар үшін де қауіпті. Өйткені Қазан елінде заң түрғысынан кішкентай балаларға қолдануға болмайды десе де, оны қарап, қадағалап отырған ешкім жоқ. Статистикаға сүйенсек, әлеуметтік желіні үздіксіз пайдаланатын жастарда психологиялық ауытқу 15-25% көп.

Алайда соңғы уақытта ойынсауық, арзан күлкіге құрылған контенттерден бөлек білім беретін қысқа бейнероликтер де пайда болды. Әсіресе, дамуға, ерік-

жігерді арттыруға, қаржылай сауаттылыққа, кітап оқуға, тарихқа, психологияға қатысты тақырыптар көбеюде. Бірақ ескеретін екі мәселе бар.

Біріншіден, ғылыми бағытта салынатын контенттердің көбі аз қаралым жинайды. Яғни бұл ел назары әлі де көңіл көтеретін, адамды күлдіретін контенттен алыстамағанын көрсетеді. Екіншіден, TikTok әлеуметтік желісіне жұртқа пайдалы контентті жасайтындардың дені, мақсаты ақша табуға құрылған. Ғылым тілінде мұны маркетинг дейді. Нақтырақ айтқанда, өзінің өнімін,

қызметін сату үшін Tik Tok-қа видео салу арқылы адамдар желі қолданушыларын Instagram-ға шақырады. Кейіннен сторис, ақша жасайды. Демек, бұдан шығатын қорытынды – бас пайда. Табысты ойламай, қазақ баласы көрсін, білсін деген ниетте бейнетаспа салатын адам аз болғандықтан, контентті де сирек көресіз.

Енді көрші мемлекеттердің саясатына көз жүгіртсек, TikTok-қа тыйым салған елдің көп екенін байқаймыз. Мәселен, Қырғызстанда жасөспірімдерге кері әсерін береді деген ниетпен 2024 жылдан бері

бұл қосымшаға тыйым салынған. Мұндай заң Өзбекстан, Албания, Иран, Үндістанда да бар. Тіпті, қытайлардың өзінде бұл қосымша қатаң бақылануда. Әлеуметтік нормаларға қарсы келетін тақырыптар жоқ болғандықтан біздің елдегідей TikTok-та еркіндік жоқ. Жергілікті заңға толық бағынатындықтан, әр бейнетаспа қатаң цензурадан өтеді және жас ерекшеліктеріне байланысты он төрт жасқа дейінгі балаларға күн сайын 40 минуттан артық контент қарауға болмайды, соның өзінде бұл Тек таңғы 6:00-ден кешкі 22:00-ге дейін ғана қолдануға рұқсат етілген.

Қорытындыласақ, TikTok өздігінен адамға зиянға тигізетін жаман платформа деуге келмейді. Ол құрал болғандықтан, оның ізденетін, білім алатын алаң болуы, болмауы қолданушының өзіне байланысты. Яғни, егер TikTok-ты мақсатты түрде, пайдалы контентті таңдап қолданса білім көзіне, шабыт алаңына айналады. Ал егер бақылаусыз, тек көңіл көтеру үшін пайдаланылса уақыттың қалай жоғалғанын аңармай қаламыз. Сондықтан әр адамның көкейінде «Мұны қалай қолданамыз?» деген мәселе болуға тиісті.

Айдана ҚОЖАҒҰЛ,
Алматы қаласы, Түркісіб ауданы,
№ 84 жалпы білім беретін мектептің
11 сынып оқушысы

Егер Қазақ елінде ән мәтінін жазу бойынша рекордтар кітабын жасар болса, көш басында қатарластарынан оқ бойы озып ақын Бәкір Тәжібаев тұрар еді. Және бір ғажабы, жүз елуден аса ән сөзін жазған Бәкір Төлеуұлының туындылары өте кең тараған. Оның үстіне жаңа заманғы әншілердің таңдауы да көбіне Тәжібаев өлеңдеріне түсетіні байқалады. Себебі, Бәкең қаламынан туған шумақтар сонша қарапайым, тілге оралымды келеді. Және сол жанға жайлы жырдың жүрек тербейтін ерекше сикыры бар.

(Оқырман есіне сала кетейік, шағында «Ән сөзін жазудың әулиесі» атанған осынау дарынды шайырдың туғанына жүз жыл толады).

Егер Қазақ елінде ән мәтінін жазу бойынша рекордтар кітабын жасар болса, көш басында қатарластарынан оқ бойы озып ақын Бәкір Тәжібаев тұрар еді. Және бір ғажабы, жүз елуден аса ән сөзін жазған Бәкір Төлеуұлының туындылары өте кең тараған. Оның үстіне жаңа заманғы әншілердің таңдауы да көбіне Тәжібаев өлеңдеріне түсетіні байқалады. Себебі, Бәкең қаламынан туған шумақтар сонша қарапайым, тілге оралымды келеді. Және сол жанға жайлы жырдың жүрек тербейтін ерекше сикыры бар.

(Оқырман есіне сала кетейік, шағында «Ән сөзін жазудың әулиесі» атанған осынау дарынды шайырдың туғанына жүз жыл толады).

Қалың жұртшылық әуен мәтіні шеберінің негізгі мамандығы актер екенін біле қоймауы мүмкін. Иә, сонау елуінші жылы Алматы Театр-көркемсурет училищесінің жанындағы актерлік бөлімін тәмәмдаған болашақ қаламгер бастапқыда бірді-екілі кинофильмге де түседі. Жалпы, бір қарағанда өте қарапайым көрінетін осынау жанның ғұмырбаяны жұмбақсыз емес. Мәселен, кезінде жас әртіс Жамбыл қаласында оқып жүрген мектеп оқушысына үйленіп «қызық» жасайды. Ол тұстағы жәйттерді, тегінде, сол үйдегі шешеміз Сапаргүл Абызбаеваның өзінен естігеніміз жөн шығар.

— 1952 жылы қосылдық. Он төрттен он беске қараған шағым. Бәкір — жиырма бесте көрінеді. Үйленгенімізді қайтейік, сол бойда-ақ жасы толмаған қызды алды деп Бәкірдің басына кара бұлт үйірді. Және өзі коммунист. Партиядан шығару қаупі былай тұрсын, тіпті, соттамақшы екен. Содан қолұстасып Шымкент қаласына қаштық. Мән-жайға қаныққан Нұрдәулет Күзембаев дейтін үлкен қызметкер кісі жанашырлық жасап, қарындасымды осында алып кел, өзім бірдеңе қылып құтқарып аламын депті. Сөйтіп бас сауғаладық. Бәкір театрға артист болып кірді, мен педагогистеге түстім. Күзембаев ағай «студент болсаң ешкім соқтыға қоймас» деп еді. Менің анамды қолымызға алдық. Бірақ төрт жылдай тұрған соң Алматыға қайта оралғанбыз. Шымкентке іссапармен келген Тахауи Ахтанов Бәкірге: «Мұнда қашанғы жүресің, сенің орның Алматы емес пе!» деп, көп ұзамай-ақ ресми түрде құжаттарын жасатып, астанаға шақыртты.

Қаламының «желі» бар Бәкең келген бойда-ақ шығармашылық өмір қыз-қыз қайнап жатқан қиын да, қызықты қым-қуыт әдеби ортаға күмп береді. Кейін үлкен өнер көгінде парлап самғаған Бәкір Тәжібаевтың Ән әлеміндегі жолы осылай басталған екен.

— Абай атындағы Опера және балет театрына Әдебиет бөлімінің менгерушісі болып орналасты. Атақты музыканттармен араласып, әнге сөз жазу ісімен осы кезден-ақ айналысып кетті. Тегінде, барлық жағынан бесаппа еді. Тапсырыс өте көп болады. Пьеса жаз десе пьеса жазады. Өлең аз алдына. Кейде музыка да шығарады...

Бәкең аталған театрда композитор Еркеғали Рахмадиевтың әуеніне бірнеше ән мәтінін дайындауымен қатар атақты «Қамар Сұлу» операсының либереттосын да жазған кісі. Сондай-ақ қаламы жүрдек маман журналистика мен көркем проза жанрына да түрен салады. Әйтсе де, Тәжібаев шабыты өлеңге көбірек ыңғайланса керек. Бір қызығы, Сапаргүл апай жолдасының қаламынан туған көпшілік жырды тек өзіме арналған деп есептейді. Бұл тұрғыда, әлбетте, дауласу қиын. Жұбайының әр өлеңін машинкаға өз қолымен басып беріп отырған екен. Зайыбының айтуынша, Бәкір аға ән мәтінін өте тез жазған.

— Көп әуреленбейтін. Бірақ күнде дайын қылады. Тіпті, жарты күн айналасында жазып тастайтын кездері де болды. Және көпшілік өлеңі маған арналған. «Міне, мынаны сен

ӘУЕН ЖЫРЫНЫҢ жасамозы

туралы жаздым!» деп қуантатын. Мысалы, Ескендір «Әдемі-ауды» Дарикоға шығардым деп жүр ғой. Негізі, оны маған деп жазған. «Елігім-еркемді» де маған жазды командировкаға кетіп бара жатқанда...

Ойымызға:
— Қиялымды көкке өрлеткен,
Көңілімді көктем еткен.
Елігімсің еркем менің,
Хабарыңды көптен күткен, — деген жолдар оралды. Біз апайға: «Бәкір ағаның сөздері көбіне елігім-еркем, әдемі-ау деп келеді. Соған қарағанда, жасыңызда әдемі болғансыз-ау, шамасы!» деп әзілдеп те қалдық.

— Енді, солай шығар! Қайдан білейін. Адамның өз-өзін мақтауы ыңғайсыз ғой... (Сапаргүл тәте осы сәтте ішегі қатып күлді. Одан ақырындап байсалды қалпына көшті). — Әрине, әркім өзінің ұнатқан адамын әсемге балайды ғой. Және жастық шақтың өзі тұнып тұрған сәлулық емес пе. Шашым тілерсегіме түсетіндей өте ұзын болатын. Көзім де баданадай үлкен еді. Қазір ғой, кетеуіміз кетіп кемпір болып отырғанымыз...

Расында, төтейдің көріксіз болмағаны көрініп тұр. Бізге, әсіресе, Сапаргүл апаның қарапайымдығы, ақжарқындығы ұнады. Шығармашылық адамдарының да әдетте кішіпейіл, қоңыртөбел келетіні белгілі. Әйткенмен, олардың ешкімге ұқсамайтын әдеттерінің де болатыны анық. Бәкір ағаның мінезі қандай еді деген сауалды Сапаргүл Абызбайқызына да қойдық.

— Әр алуан. Тыз етіп ашулануы да оңай, қуануы да тез. Өлеңді де жылдам жазады дегенмен оған ішкі дайындығы күшті ғой. Ақынның жай адам түсіне бермейтін күрделі қасиеттері көп болады. Оңай нәрсе емес. Кез келген дүниені іште ұзақ пісіреді. Жүректің сыры, жанның нұры қосылады өлеңге. Сезімтал. Лезде құбылатыны осыдан. Сол себепті, жағдайын ойлап тұрамыз. Жағдайын жасамасаң жазушы



Суретте: ақын зайыбымен.

шыға ма. Қас-қабағына қарау керек. Мен күні бойы жұмыста болғанмен үйде анам бар, әр ісіне қолғабысы тигізуге тырысып, ас-суын дайындап беріп отыратын. Кейде, кішкене, көңіл күйі болмаса үндемейміз. Бірақ тез қайтатын еді. Мінезі жайсаң. Көбіне күліп жүреді. Қонақ көп келеді ол уақытта. Үй босамайды. Біреу кетсе біреу келіп жатады. Тіпті, ешкім болмаса Сапаргүл ет асып жатыр деп жолдастарын өзі шақырып алатын. Ізтай Мәмбетов, Қуандық Шанғытбаев, Ғафу Қайырбеков, Қабдыкәрім Ыдырысов, Шәмлі Мұхамеджанов, Сағи Жиенбаев сияқты ақын-жазушылардың бәрімен етене араластық. Өлеңдерін оқиды. Әңгімелерін айтады. Кейде дуылдасып таң атқанша да отырады. О кездегі өмір қызық еді. Бір-бірімізді сынау, анау-мынау деген жоқ, барын ішіп-жеп, емен-жарқын араласып жүре беретініміз. Әлгі жігіттердің де отбасының бәрі көпшіл-ді. Олар да шақырады бізді. Әсіресе, күні-түні қонағы үзілмегеннен кейін пәтер қожайындары Ізтай марқұмды өте мазасызсың деп жиі шығарып жіберетін. Қазір ойласаң, күлкілің келеді. Ырың-жырың қылып, жүріп жатушы едік сөйтіп. Ол да бір дәурен екен. Ай, дүние-ай...

Бәкір Тәжібаев қаламынан шыққан «Ауылым — әнім», «Асыл арман», «Жанарым», «Бозторғайым», «Інкәрім-ай», «Тойға шашу» деп жалғаса беретін кең танымал әрбір өлеңнің өзіндік сыры бар. Бізді кейіпкеріміздің Қасым Аманжоловтың сөзіне жазылған «Жас дәурен» әнінің туу жайы толғандыратын еді. Сөйтсек, бірде Қырымға емделуге барған Бәкір кезінде Қасым жатып кеткен жалғыз орындық бөлмеге тап болыпты. Міне, осынау сәйкестіктің өзі шақша басына тауға да, тасқа да соққан,

майдангер Қасым ағасының ауыр тағдыры туралы қатты тебіртсе керек. «Жас дәуреннің» сөзі мен әнінің сәтті жымдасқаны соншалықты, көпшілік жұрт бүгінде осы дүниені тұтастай Қасымның өз шығармасы екен деп қабылдайды...

Сапаргүл төтемен әңгіме барысында әйгілі «Әлия» әніне әдейі тоқталғанбыз. Кейінірек автордың өзіне де, өзгелерге де бірталай абырой әкелген бұл шығарманың да шағын тарихы бар көрінеді.

— Менің анамның есімі — Жанбөпе. Бірде шәй үстінде отырып о кісі өзінің Әлиямен жақын туысқан екенін айтып қалды. Бәкір елең етіп: «Ойбай-ау, апатай, әңгіме сізде жатыр екен ғой! Айтып берсеңізші мән-жайды!» деп жармаса кетті. Бір ұзамай өлең де туды ғой. Көп күні Сейдолла Бәйтереков келіп: «Аға, осы сөзге музыка жазсам қайтеді» деп өтініпті. — «Е, жаза ғой, айналайын!». Міне, жағдай осылай өрбіген. Кейін жас Роза Рымбаева осы ән арқылы алдымен Мәскеуде бас бәйге алды, одан Болгарияда өткен халықаралық фестивальде «Алтын Орфей» жүлдесін иеленіп, әлемге танылды. Бұдан соң Розаның тағы бір үлкен тартыста «Күнге табыну» әнін айтып лауреат атанғаны есімде.

Әңгімені тағы да Бәкеңнің күнделікті іс-әрекеттеріне қарай бұрамыз. Әдетте, өнер адамдарының әпербақандау, қожанасырлау келетіні мәлім. Мұндай мінезден біздің кейіпкеріміз де құралақан емес секілді.

— Өте сенгіш еді. Біреу бірдене айтса есі шығып, соған сенеді. Мен де аңқауым. Әйткенмен, Бәкірдің аңғалдығы менен он есе асып түсетін. Баяғы жас кез-

де қазіргі Екінші Алматы вокзалының бергі бетінде жер үйде тұрдық. Әжетхана — сыртта. Бәкір түнге қарай далаға ылғи мені ертіп шығады. Жас балаша сондай қорқақ. Мен де кейде түрлі шаруадан қолым тимей отырамын ғой енді. Және дардай қылып қашанғы жетелеп жүресің күйеуіңді. Сондайда тысқа: «Апатай, сіз жүрінізші, мына Сәпен көнбей тұр!» деп анамды ертіп шығатын. О кісі де қызық: «Ә жарайды, жүре ғой!» деп бірге еріп бара жатады.

Жастанынан киноға түсіп, кілең махаббат ғазалдарын жазуға машықтанған Бәкір ағамызбен біз де кезінде талай ұшырасқанбыз, аққұба жүзінен нұр төгілген, өте сымбатты, көрікті адам еді. Мұндай кісінің маңайына қыз-қырқынның да үйір келетіні түсінікті. Апайымыз күйеуін қызғанбады ма екен ондайлардан?

— Ойбой, несін айтасын! Талай қыз-келіншектен небір хаттар да келіп жататын еді. Бірақ, имандай шыным, ешкімнен қызғанбауға дағдыландым. Өзі де әу бастан-ақ: «Мен саған адалмын. Сені еш уақытта алдамаймын. Маған сен. Анау-мынау қанқу сөзге қарама!» деп ескерткен. Сұғамын. Жастайымнан етегінен ұстағанмын. Сөйбей қайтем. Не айтса да, заң деп қабылдадым. Сондықтан шығар, өте тату тұрдық.

Сүйткен адамның жас келіншектерге, оның ішінде ақын-жазушылардың әйелдеріне беретін ақыл-кенесі қандай екен?

— Жолдасын беталды қызғанбасын. Анау өлеңді — анаған, мынау әнді мынаған арнадың деп кейбір әйелдердің дау-дамай, ұрыс-керіс шығаруға бейім тұруы мүмкін. Ондайдан аулақ болған дұрыс. Менің анам: «Ер адамның еркімен жүргені жөн. Ер-азаматын қадірлей алмаған әйелде қасиет болмайды. Ақым-мақтық жасап, күйеуінің сағын сындырған әйел күні ертен-ақ бармақ шайнайды» деп отыратын. Сондықтан, қашанда ерімнің ыңғайымен жүруге тырыстым. Қарсы келіп, ер адамның жұмысына бөгет жасамау керек. Сонда ғана ісі оңға басады. Жастарға да осыны айтамын.

Жан дүниесін терең ұғынған жан-жарына ақын да өле-өлгенше риза болып өткен сияқты:

— Бәкір де маған: «Қаған ырзамын. Ешқашан қолымды қаққан жоқсың. Өз ерік қалауыммен жүріп-тұрдым. Сен берген еркіндіктің арқасында талай атак-дәрежеге жеттім. Көп жаса. Балаларың қызығын көр!» деп толқарып отырушы еді марқұм бейшара. Қазір:

— Таңым-ау, мені сағынсаң, толқынға көз сал ұрынған.

Жүрген толқын жүрегім — алдыңа келіп жығылған, — дегендей әндерді естіген сайын көңілім алабұртып, көз жасыма ерік беремін...

Бәкеңнің музыкаға бейімдік қасиеті немересі Әлияға дарыған көрінеді. Енді осы құлынымынан көп үміт күтетімін дейді Сапаргүл апай.

Бәкір ағамыз өз ісінің қас шебері болғанымен де күйкі тіршіліктің әділетсіздігімен бетпебет келгенде дәрменсіз күй кешіп, қатты күйзелген. Міне, өнер үшін жаралған осындай аяулы адамды да жәбірлеп, жанын жаралаған қараулар кездесіп бағыпты. Дегенмен, өмірдің заңы солай. Тартыссыз тіршілік жоқ. Тек, аяқтан шалып жолшың бөгеген сұмдармен арпалыса жүріп, соңына өшпес із қалдырған Бәкірдей дарындарды ойлағанда сәл қабаржып қаласың. Көңілді мұң тербейді.

Құлан САҒАТҰЛЫ.

Бес жыл өткеннен кейін шыққан кітабында Әшімбек Бектасов бастапқы деректі біршама нақтылай түскен: «Мәдидің Атбасар түрмесінде жатқанын елестіп, Қарқаралы, Баянауыл, Семей жақтан келгендер оған соқпай кетпейтін болады. Бір жолы ел аралап жүріп, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеев іздеп келіп, жолыға алмай, өлең жазып қалдырып кетеді». [Бектасов Ә., Адамбаев Б. Мәди // Алматы, Қазақстан, 1969, 93- б.].

Сонымен бірге бұл кітапта алдындағы газеттегі шумақтардың орын ауысуы мен жекелеген сөз қолданыстары өзгешеліктері бар екен. Салыстыру үшін бұл үлгіні де келтірейік:

Армысың, аманбысың, Мәди батыр,
Түрмеде тұтқын болып әркім жатыр.
«Жуымас аққа пәле» деген сөз бар,
Қалас боп құтыларсың бір күн ақыр.

Бұл қақпа талай ерді кісендеген,
Сонда да ажал жетпей, кісі өлмеген.
Лашын баласы үшін торға түсер,
Кім тілеп, мұндай күйге түсем деген.

Бұл сөзді жазған ағаң – Мәшһүр-Жүсіп,
Керуендей жалғыз басы жүрген көшіп.
Сол зайғы қадіріне жетпеске айтқан,
О да бір алтын жүзік қалған түсіп.

Өлеңнен кейін мынадай мәлімет келтірілген: «Заманында ақындығымен, адамгершілігімен аты бүкіл қазақ еліне жайылған Жүсіп Көпеевтің бұл өлеңіне арнап, Мәди ән шығарады. Ән «Мәди» деген атпен манайдағы елге тарап кетті. [Сонда, 94-б.].

Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп сөзіне Мәди ән жазған болса, оны іздеу, табу Мәди мен Мәшһүр-Жүсіп мұрасын зерттеушілерге қойылар жаңа талаптың бірі дегіміз келеді.

Біздіңше, жеке сөздердегі өзгешелік өлеңнің екі нұсқа түрінде кездесуінен ғана емес, 1964 Жылғы ел назарын аударарлық газеттік нұсқада: «Бекітіп талай ерді кісендеген» дегенде, сын деңгейі түрме беріктігімен шектелсе, кейінгісі: «Бұл қақпан талай ерді кісендеген» тармағы отаршылардың белгілі бір ұлт қайраткерлерін қуғындау, азаптауды қаншалық әдет еткенін аша түскен. Демек, сын өткірлігі деңгейі мен сол кездегі тыйым салуды ескерсек, кейінгі үлгі түпнұсқаға неғұрлым сай келеді деуге болады.

Ал, Мәшһүр-Жүсіптің Мәдиді әдейі іздеп келіп, жолықпай кету себебі кейінгі бір еңбекте анық ашылған екен. Сондай-ақ онда Мәди туындысындағы жеке сөз қолданыстарындағы өзгешеліктер бар екенін де байқаймыз:


«Қаз дауысты Қазыбек бидің бесінші ұрпағы Мәди Бәпиұлы жазықсыз қуғындалып, Қарқаралының түрмесіне қамалған екен. Оған: «Үйірлеп жылқы ұрлаған, болыстың қыстауын өртеген, ояздың адамдарына тілі тиген» деген жалған жалалар жабылған.

Мәди Қарқаралы қаласының түрмесінде жатқанда елдегі бай ағайындары: «Ол Қарқаралының оязын таниды, ертең босатып жібереді» деген күдікпен өздері арыз ұйымдастырып, Омбының генерал-губернаторына арнайы кісі жіберіп, табыс етеді. Омбының генерал-губернаторының арнайы комиссиясы бұл арызды қарап, Мәдиді жазасын өтеуге Атбасар қаласына ауыстырады.

Күзгі кара суықта аяқ-қолы кісендеулі тұтқындарды арнайы күзетпен, жаяу Қарқаралы қаласынан Атбасар түрмесіне апарды. Осы жолда өкпесіне қатты суық тиіп, Мәди ауырып қалады. Мәди өзі болғандықтан, артынан ешкім іздеп баруы, ас-су апармайды. Ауру жанына батып, түрменің аштығына шыдамаған Мәди қатты налып, өзінің хал-күйін өлеңмен жеткізеді:

Атбасар түрмесінде жыл жатамыз,
Көңілді құмалақпен жұбатамыз.
Таласып тар төсекке, дыбыс шықса,
«Бар ма деп Қаракесек?» тіл қатамыз.

Мәдидің осы өлеңі түрмеге келіп-кетушілер арқылы қалың елге тарап кетеді.



Осы жағдайдан кейін сол кездегі ұлттық намысы бар, зиялы қауым өкілдерінен хабарып түсіп, Мәдиге жолығып, ас-су әкеліп, көмектескен азаматтар табылады. Сол кезде Мәдиді Мәшһүр-Жүсіп іздеп барған екен. Бұл тұс қазақ даласында Әбдіғапар хан, Кейкі мерген бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың дүмпуі шығып жатқан уақыт екен.

Мәдиді Атбасардың оязы арнаулы бақылауға алып, оған жолыққан адамдардың кім екенін, қайдан келгенін арнайы тексеріп отырған. Мәшһүр-Жүсіп Мәдиді іздеп барғанда Атбасардың оязы екеуінің жолығуына рұқсат бермей қойған екен.

Атбасардың оязы Сарыарқаның қос тарланы жолығып, келісіп алса, бүкіл Сарыарқаны көтеріліске шығарып жі-



«Қаз дауысты
Қазыбек бидің
бесінші ұрпағы
Мәди Бәпиұлы
жазықсыз
қуғындалып,
Қарқаралының
түрмесіне қамалған
екен. Оған:
«Үйірлеп жылқы
ұрлаған, болыстың
қыстауын
өртеген, ояздың
адамдарына
тілі тиген» деген
жалған жалалар
жабылған.

МӘШ ҺҮР- ЖҮСІПТІҢ МӘДИГЕ СӘЛЕМІ

Бұл туындыны дәл осы аталыммен **Б**ең алғаш «Қазақ әдебиеті» газетіне белгілі қоғам қайраткері Әшімбек Бектасовтың 1964 жылы жариялағаны белгілі. Әшімбек Бектасов өлеңді ұсына отырып, белгілі ақын, сазгер Мәди Бәпиұлы өмірі туралы мәліметтер Мәди бірге осы туындының қандай жағдайда жазылғаны туралы құнды дерек келтірген: «Мәдиге жолығуға 1915 жылы көкек айында Баянауылдан белгілі оқымысты, ақын Мәшһүр-Жүсіп келеді. Ол өлеңмен амандасыпты. Сол өлең тексін түгелімен Секжанның Әбділдасы маған сыйлыққа беріп еді». [Бектасов Ә. Ел аузында елу жыл // «Қазақ әдебиеті» газеті, №51, 18 декабрь, 1964 жыл, 3-б.].

беруі мүмкін екенінен қауіптеніп, жолықпаймаған.

Мәшһүр-Жүсіп елге сөзі өтетін кеменгер, Мәди болса – қолбасшы, екеуінен сол үшін қауіптенген.

Мәшһүр-Жүсіп жолыға алмайтынына көзі жеткеннен кейін, түрме маңына ас-су дайындап, шаруашылықпен айналысатын адамдармен сөйлесіп, тіл табысуға кіріседі. Сол адамдардың арасынан бір қазақ жігіті арқылы Мәдиге жазған хатын жібереді. Ол хат былай басталған екен:

Армысың, аманбысың, Мәди батыр,
Түрмеде тұтқын болып әркім жатыр.
«Жуымас аққа пәле» деген сөз бар,
Халас боп құтыларсың бір күн ақыр.

Бұл сөзді жазған ағаң Мәшһүр-Жүсіп,
Керуендей жалғыз басы жүрген көшіп.
Сөз зайыры қадіріне жетпеске айтқан,
Сен де бір алтын жүзік қалған түсіп.

Бұл күнде сен де ғаріп, мен де ғаріп,
Ағайым аяқ, ақылдасар кісім де жоқ.
Күшім жок, қылдасар кісім де жоқ,
Кететін еркіне қоймай жұлып алып.

Осы хатты алған кезде Мәди жылап жіберген екен. Қасындағы азаматтар: «Не болды, бұл кісі кім?» – деп сұрағанда «Бұл кісі ағам да емес, әкем де емес, менің қадірімді түсініп алыстан, елімнен іздеп келген қдақтың пайғамбары Мәшһүр-Жүсіп» – деген екен.

Содан хат тасуы азамат қайтып келіп, Мәшһүр-Жүсіпке:

«Хатыңызды бердім, ол кісі қатты риза болып тебіренді. Сізге алғысын айтып, сәлемін жеткізімді өтінді» деген екен. Сонда Мәшһүр-Жүсіп:

– Ай, заман-ай, адамды заман билейді ғой! Ат жақсысы кермеде, ер жақсысы түрмеде болған заман ғой! – деген екен». (Нұрғалиев Р. Мәшһүр-Жүсіп пен Мәдидің кездесуі, // Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газеті №85, 23 қазан, 2001).

Енді сол өлеңнің толық нұсқасына кезек берейік:

Аман сау жатырмысың, Мәди батыр,
Тұтқын боп бұл түрмеде әркім жатыр...
Жуымас аққа пәле деген сөз бар,
Қалас боп құтыларсың бір күн ақыр...

Жанбырдай жауа берген көздің жасы,
Ат пенен не көрмейді ердің басы.
Шөп шулап, ағаш шулап сәлем айтты,
Он екі қазылықтың тау мен тасы.

Біз елден шығып едік өткен қыста,
Болмады, ондалмадық асығыста,
Қағыстық бір-екі ауыз амандықты,
Анадай ат үстінде тұрып тыста.

Құмарым тарқамады көріп көзбен,
Білмеймін жүргенінді қай түрлі ізбен.
Кіруге қайта-қайта қарауылшы
Қарайды ұрсып-зекіп жаман көзбен.

Бекітіп талай ерді кісендеген.
Сонда да ажал келмей кісі өлмеген.
Басына бір кемшілік түскен кезде
Рас деп шындығына бір сенбеген.

Жүргенде басы боста жігіттікпен
Кісі көп баратұғын «мен сендікпін».
Жанында жүз бір достан бірі қалмас,
Түсер күн болған күнде бір кемдікпен.

Ақ сұңқар аспандағы түсер торға,
Өрлеген өнерпаздар жығылды орға.
Ес кетіп жан шыққандай іс болғанда,
Құтылып кейбіреулер шығар зорға.

Ниегің болу керек хаққа дұрыс,
Әркіммен жасай берме жанжал ұрыс,
Зынданда жалғыз жатқан сен емессің,
Әр түрлі жақсылар бар қылған қоныс.

Жақсылыққа тырмыса бер, басшы бала,
.....
Қадірін білсең сөздің нұрлы гауһар,
Сырға қыл құлағына, әнші бала.

Бұл сөзді айтушы ағаң Мәшһүр-Жүсіп,
Елдей боп кара басы жүрген көшіп.
Сен қадіріне жетпесен болып зайғы,
Жоғалып қалған бір сөз жерге түсіп.

Бұл жерде сен де кәріп, мен де кәріп,
Мойны ұзын алыс жерде
жұртым қалып.
Күшім жок, ақылдасар кісім де жоқ,
Кететін ерікке қоймай жұлып алып.

(Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 260, 471-б.б.)

Болыскей шекпен

Алматы түні ызғарлы-ақ еді. Екі курстас ақпанның орта тұрысында ұзақ жауған сілбі қарды кешіп, әлдебір межеге асыға, дедектей басып келеміз. Тротуар бойындағы қатар-қатар домалақ шам қаранғы әуеде қалқып тұрған күлгін пиялаға ұқсайды. Солардың көгілжім сәулесі аясында кигаштай ұшқындаған қылау тірі нәрсеше, бітік қарағай мен шыршаға үлбірей қонақтап жатыр.

Суық, ылғал ауа арқа мұздатты. Өйтпей қайтсін, өзге жұрт жаппай қыстық киіммен жүр, ал біздің кигеніміз, неге екенін, жұқа пиджак. Әйтеуір, кең, жарық даңғылда ерсілі-қарсылы ағылған жұрт нөпірі қалын. Шалқыған музыкаға қосылып қыз-қырқынның шат күлкисі сыңғырлайды. Осының бәрі көңіл сергітіп, жан жылытатын секілденеді. Кенет сергігіме:

— Әй, осы, сенің болыскей шекпенің бар еді ғой! Ұзын... Ақсұр. Сонында неге киіп алмағансың? — деп үн қатамын.

Жолдасым капелімде ойымды ұқпай, сәл аңтарыла бұрылып, баяғының шалдарынша сөз саптауын санасына жеткенде ішегі қата күледі:

— Ғе-е... Аяқ астынан қар жауып кететінін қайдан білейін. Ұнай ма сол саған? Ұнаса сен ки!

— Жок, өзімнің де дәл сондай польский қара плащым бар ғой. Жатаққа шкафта тұр. Мен де ойламаппын лезде күн суытады деп.

Оянсам... Кәдімгішетаңыз, тоңып қалыппын. Жеңіңіз көрініс — түсім екен. Кешкісін моншадан қайтып, креслоға шалқайып отыра қалған бойда көзім ілініп кетіпті. Ыстық будан жүрегін қағып, әлсіреңкіреп шығатының бар емес пе. Перде тасасынан желдеткіштің сәл ашық қалғанын аңдамаппын.

Қашанда «келе бар, ала бер» дейтін Ерсайын досты ойлап, хабарласуға ниеттендім. Одан сағатқа қарап, қой, апақ-сапақта мазасын алмай, күндіз сөйлесейін деп ұйғарамын.

Әр кез үстіндегі жалғыз жейдесін шешіп беріп, қалтасындағы соңғы тиынын ұстата салуға даяр тұратыны рас.

Журналистика факультетіндегі оқуын бітірген соң бірталай уақыт белгілі басылымдарда қызмет етті де, кейін жұртты танырқатып, суретшілікке ден қойды. Сонда едәуір кезең қылқалам шеберлері үйінде тұрғаны бар. Беріректе «Ерсайынның салоны» атанған әжептәуір ауқымды бөлмесі келімді-кетімді кісіден босамайтын. Ұлан-байтақ елдің түкпір-түкпірінен жетегін қайдағы-жайдағының бәрі осы досымызды сағалаушы еді. Бұлардың адаспай, дәл Ерсайынды тауып ала қоюының сыры бір Алғаға ғана аян. Тіпті, қаланың кейбір қағылған соғылғаны да сол құжырадан шықпаушы еді-ей. О тұста өзінің де тұрақты жұмысы жоқтығына қарамастан, Ерекең талай уақыт осындайларды асырады.

Арасында үш-төрт күндеп қона жататын кездесетін. Ішінара «нақсүйерімен» келіп түнейтіндер бар. Ерсайын мұндайда кең қаруын «жастарға» босатып беріп, өзі іргеде матрас жайып жантая салады.

Тәрдегі төсекте тізесін тартып, тұс-тұстан төнген лампа жарығынан именшіктеп жүз тайдырып, жаңа түскен келінше сынықсып отыратын базбір «қалыңдықтың» кейпін күні бүгінге дейін ұмытпаппын.



Ортадағы жалпақ үстел асудан қайысып тұрады. Бөлме иесі дастарқанын жұтатқан емес. Өзге жеміс-жидек, салаттан бөлек апельсин мен лимон, банан үзілмейді. Екі-үш тұсқа шұжық, бауырсақ қойылады. Ерекең әрбір қонағын құдасынша күтіп:

— Тағы бір шинақ іш... Енді бір шинақ! — деп шай құйып, жаны қалмайды. (Шинақ — шыныаяқ дегені).

Ішті керілулі кенеп пен палитраға жұққан майлы бояу иісі кернеп, сондайда беті шүберекпен жабулы мольберт қоңырады. Өзара у-ду мейман үй иесінің тықыршып, іске алаңдайтынын қайдан ескерсін, жуыр маңда тарауды ойламайды-ау. Алайда қабақ шытуды білмейтін қожайын бөріне шыдайды. Анда-санда шеберханаға бас сұққанымда осындай ахуалға куә болып, төзіміне таңырқап қайтушы едім.

Сөйтіп жүріп-ақ небір дүбірлі қойылымын ұйымдастырды. 2000-шы жыл қарсаңында әйгілі неоимпрессионист суретші Винсент Ван Гогтың құрметіне орай «Өнердің құлақкесті құлы» атты көрмесін өткізгені есімде. Бұған «Эксон» мұнай компаниясының менеджері Дияра Садықова мен «Сорос» қорының атқарушы директоры, жазушы Мұрат Әуезов демеушілік жасады. (Көп ұзамай осыны Голландиядағы белгілі қоғамдық ұйым Қазақ еліндегі айтулы оқиға ретінде тіркепті). Сондай-ақ «Эксон-Мобил» холдингінің қолдауымен ретінше «Мамыражай-1», «Мамыражай-2» дегендей экспозициясын өткізгені есімде. Бұларға әр кез Айша Ғалымбаева, Сахи Романов, Исатай Исабеков, Амандос Ақанаев, Табылды Мұқат сынды атақты қылқалам шеберлері мен Өтежан Нұрғалиевтей көрнекті қаламгерлер қатысып, кеш иесіне бата берді. Мысалы, сондай вернисаж үстінде осы Өткеннің:

— Міне, сіздерге импрессионизм! Бүткіл Париж көшіп келгендей! Енді Парижге бармай-ақ қойыңдар! — деп жиналған қауымды серпілткені естен кетпейді.

Е-е, айтқандайын, кейініректе Өтежан аға абстракционист Ерсайынның екі қолтумасын әжептәуір қымбат бағаға сатып алып, оның шығармашылығы туралы Ұлттық арнада «Мұның қазақтың қолы жете қоймайтын ұлылыққа ұмтылуы керемет!» деп екі мәрте телехабар жасағанын өзім де жаздым. («Қазақ әдебиеті», 25.05.2001). Ал Амандос аға осы інісі туралы: «Бұл — біздің қазақтың Кола Пироманишвилиі» — деді. Қылқалам өнері мэтрлерінің бірі Мәжит Бәйтенов «Ерсайын Жапактың өнердегі көркемдік мәнін бір ауыз сөзбен қалай түсіндірер едіңіз?» деген сауалға:

— Мұныкі — дадаизм. Яғни, дүниені кіршіксіз сәбилік сезімнен көріп түйсіну! — деп жауап қайтарды.

Осындайда әлемге танымал суретші Пабло Пикассонның: «Мен академиялық кескіндеу мен сұңғат өнерін тез игеріппін. Ал әлемді бала көзімен қабылдауды ғұмыр бойы үйреніп келемін; тәрізі, бұл бағытта өле-өлгенше тырбана берермін» деген уәжі тілге оралады...

Сөйтіп жүріп-ақ Ерсайынның өзі де демеуші ретінде арагидік кейбір жолдастарының кітаптарын шығартты. Оған қоса сол шығармалардың тұсаукесерін өткізіп, жиналған жұртқа фуршет жасап беретін.

«Әй, ку Жапак!»...

Ерсайынмен алғаш қалай танысқанымызды білмеймін. ҚазМУ-ге әр тараптан жеткен бойда мидай араласып кеттік пе екен... Олда, өзге де кейбіріміз жоғары оқу орнына әскер қатарынан кейін келіппіз. Содан ба, қалай болғанда да, тез табысқандаймыз. Албырт шақта Ерекең бәрімізді адалдығымен, аңғырыттығымен, сәбидей сенгіштігімен баурап әкеткендей. Және бүкпесіз, еркін, ештеденен сескене бермейтін батыл, авантюрист жігіт-ті. Келе-келе бір үйдің баласындай қауысыппыз. Үлкен-кішіміз оны әуелден сонша жақын тартып, «Ерсаға» деп атадық...

Ұстазымыз, профессор Темірбек Қожакеевтің сабақта өзінің «Күлкі — күштілер қаруы» деп аталатын кітабын алуды тапсырғаны еске түседі.

— Бір киноға кем бар, бір саптаяқ сыраны кем іш, әйтеуір, қалайда сол жинақты алыңдар. Аса қымбат емес. Емтиханда қиналмауға жақсы.

Мәні жоғалмайтын құнды оқулық. Баспаханаға болмаса маған одан көк тиын пайда түспейді. Өздеріне керек, — деді.

Шынында да, сатиралық жанрлар теориясын тайға таңба басқандай қысқа-нұсқа мәнермен санана сіңіріп, апанық түсіндіріп беретін, тіпті, екі-үш қайталап оқысаң көкейде жатталып қалатындай тартымды дүние екен.

Темкең апта сайын айналатын әр дәрісінде:

— Иә, қайтқандар, алдыңдар ма кітапты? — деп сұрағыштап қояды. Тұс-тұстан шу-шуетеміз: — Алдық... Алдық, ағай!

Бір күні: — Сен алдың ба-ай, Жапаков? — деп Ерсайыннан сұрап қалып еді, ол арада үш жетідей өтсе де, әлі алмапты:

— Жок, ағай, ала қоймадым. Темірбек аға таңырқайды:

— Әй, оның не... Сен сатираға жақын емес пе едің?! Өзге жұрт түгелге жуық алып болған секілді. Қайда тұрасың өзің? Үй-жайыңның



— Әй, ку Жапак-к! — деп ішек-сілесі қатып, көзінен жас аққанша күледі.

Профессор, әсілі, осы шәкіртін ажжүректігі үшін жақсы көретін.

Бітіміне сай «Тақиялы періште», «Әулие жігіт» атанған Ерсайынның кіршіксіз жан әлемі бір қарағанда түсініксіздеу туындылары табиғатынан да көрінеді. Мұны оның әлгіндей көрмелердің бірінде білікті өнертанушы, Репин атындағы Санкт-Петербург Академиясы мектептерінің түлегі Ирина Юферованың:

— «Мамыражай — мына вернисаждың сәнді атауы ғана емес. Бұл — суретшінің философиясы, оның шығармашылығының мәнін ашатын кілт. Осы әуезді ұғым Жер-әлемнің көктемгі түлеуі мағынасы мен көңілдің айрықша шаттығын да білдіреді. Ерсайын Жапактың туындылары — көрермен назарын еріксіз тартатын тосын дүние. Ол біздің қазіргі күмән иектеген, жүйке шырықтырған беймаза дәуірімізде пішін еркіндігі мен сезім шынайылығы, қарапайымдығы мен тазалығы арқасы талсантады, — деп дөп басыла тамаланғаны бар. Міне, осы мінездеме Ерсайынның жаратылысына да тән.

Жаһандық жігіт

Ерекеңмен ертеден араласатын өзге ұлттың өкілі көп.

Ресей жерінде туып, бірінші класқа дейін қазақшаға шор-қак болып өскен бала әкесі жарықтық ұл-қызын орыстанып барады деп іргедегі Орал өңіріне көшіп келген соң енді орысшаны ұмыта бастайды. Міне, ол — осы кедір-бұдыр тілмен-ақ сырт ағайының бәрімен лезде шүйіркелесетін қасиет иесі. Әсіресе, қалай екенін, сүйкімді бикештермен табыса қалатыны тамсантады. Оқта-текте:

— Өне жерде бір әдемі қыз отыр. Өзі ашық-жарқын екен. Жүрсейші, танысасың ба? Жалғызсырап отырған сияқты, — дейтіні болатын.

— Қой-ей, құрысын. Пәлестінен аулақ.

Бірақ соңынан: «Қап! Ерсайынның бетін қақпай, келісе салуың керек пе еді» деп елендейсін...

Ерекең жуысатын жұрттың қайсыбірі, тіпті, шетелдік болып шығады. Оның әрқайсы бір мың доллар көлемінде сатылған отызқырық туындысы шет ел асыпты. Мәселен, осы тізімге қарасақ: Юрий Кошкин (Москва), Джон Хохлик (АҚШ, Хьюстон), Иван Хайзер (Дания), ғылым докторы Америандык (Португалия), американдық Ричард Спунер (қазір Алматыда тұрады), Ван-Эйс (Голландия, Гаага), Николас Бриджен (Англия, Лондон), Матвей Флетчер (Англия, Бостон) т.б.

Қарап отырсақ, осылардың Ерсайын Жапак картинасына қызығуы бекер емес. Суретшінің әлемді бала көзімен қабылдауы бір басқа, ол өнердегі айшықты қолтанба мәнерін, бояудағы бөлек үйлестімін тара, сиқырлы контраст қолыретімін деп.

Ерсайынның нигериялық досы, импрессионист суретші, сәулетші Боб Усорохпен 2000 жыл басында мен де танысқанмын. Ол әлгі қарсаңда келіп, Алматы Архитектура академиясын бітіріпті. Сөйтіп осында қалып, біртіндеп кәсіп ашқан іскер азамат көрінеді.

Бұл — біздегі құрылысқа «евроремонт» деген үрдіс енді-енді ғана ене бастаған кез-ді.

адресін айтшы. М е н а п а р ы п берейін! Аңғал Ерсайын профессордың мұқатып отырғанын сезбей, тұратын көшесінің аты мен пәтерінің нөміріне дейін баяндап жатыр. Аудитория ду күлді. Факультет деканы да студенттің аңқаулығына тәнті болып:



Сөйтіп Бобтың оншақты адамнан тұратын бригадасына қосылып, ағаш шебері ретінде бір айдай жұмыс істеп, сол қиын кезеңде әжептәуір нәпаха айырығанын бар еді.

Ерсайын шығармашылығына ертеден оң көзбен қарап, қамқорлық жасаушының бірі — Алматыдағы мейрамханалық кешеннің бөлігі ретінде құрылған «Греческая таверна» көркемсурет галереясының иесі Юрий Калаиджиди. Міне, Қазақ еліндегі бейнелеу өнерінің сарапшысы, әмбе коллекционер ретінде танылған осы азамат әр кез суретші досының жеке көрмесін ұйымдастырумен келді. «Ерсайын Жапақ шығармаларында өмірге құштарлықтың ғажайып қуаты бар! Бұл нағыз Ван-Гог іспеттес шебер!» — дейтін-ді ол.

Ерсағанның жора-жолдасының көптігі төңірегінде ойлансақ, мұның мәні қиналған шақта әрдайым қасыңнан табылып, көмек қолын созатындығында шығар дейсің. Және жақсылығын қарыз қылмайды. Жасандылығы жоқ. Жан әлемі жарқын. Пейілі кең. Риясыз. Қашанда мейір тұнған Ана жүрегіндей қарапайым. Ниеті рауандап атқан жазғы таңдай аралды.

Суретші Саламат Өтемісұлының естелігі оның өте сирек жаратылыс екенін айшықтай түсер: «Бұл кездейсоқтық дегенді қойсайшы. Бірде автокөлік аялдамасында еркегі, әйелі бар бірнеше орыс ағайынның арасында, «естіген құлақта жазық жоқ» деген ғой, солардың әңгімесін тыңдасам, біреуі үйінде пәтерде тұрып, енді қарындастарымен басқа жайға кетіп қалған бір қазақ жігітін бұл дүниеде жоқ адамдай мақтап тұр екен. Қазақты жамандап жатса, әрине, ұнжырғам түсіп, төмен қарап, теріс айналып кетер едім. Жақсының артынан тек жаман сөз емес, жақсы сөз ілесетініне көзім жеткендей болды. Шыдай алмай әңгімеге араластым — себебі, сезім сипаттамаға сендірді:

— Кешіріңіз, сол жігіттің есімі Ерсайын емес пе?

— Қайдан біле қойдыңыз?! Иә, Ерсайын! Ол біздің замандасымыз емес, ол не он алтыншы, не жиырма екінші ғасырдың адамы. Үйім Ерсайынсыз құлазып қалды, қайта оралып әшейін тұра берсін. Оны көрсеніз осыны айтыңыз!

Өз туған інімді мақтағандай күй кештім. Ақын болу шарт емес, азамат болу — парызың дегендей, шіркін, біздің әрбір

азаматымыздың артынан осындай сөз ғана ерсе деген арман жетегінде ұзақ уақыт жүрдім де қойдым». («Мамыражай бояулар». Жапақ Е. — «Ер Бәйтерек» ЖШС. — Алматы, 2005. 73-б.).

Ендеше, мұндай жанды, орыс жолдастар айтатындай, «Мировой парень» демегенде қайтесің.

Ксенияның мұңы

Жиырма жастарда жолыққан Ерсайынның бертіңде ақ көйлек киген, өргене сүйген, отқа ораулы жүрегін қолына алып алқына жүргізген... сәттеріне қуәмін.

Оның Жыр дәптеріне қарасаңыз, небір сәлулар портреті қатарына кезігер едіңіз. Әйтеуір, өмірінде көңілін шуаққа бөлеп, жанын тербеген бойжеткен біраз бар.

Солардың ішінде өзім көрген, әмбе аса ұнағаны Ксения ару еді. (Арада қаншама жылдар өткенде бұл сырдың шетін шығарғаным үшін досым сөкпес).

Ерсайынға жабырқаған шағында сүйеу болатын сенімді серік, адал жар ретінде сезілетін. Ерсайын десе жанын үзуге даяр екенін аңғарып, қуанғанмын. Қолұстасып шат күлген екеуін алып шаһар көшесінде, самал бел, салқын тау баурайында байқап қалып жүрдім. Жүзі бал-бұл жайнап, бақыт нұрына шомылып келе жататындайды. Алайда, амал не, бұлардың тойын көру бұйырмапты. Кейін ғашықтарды арасы алшақтап, жолы екі айырылғанын ұшқтап. Түрлі ахуал, түсінбестік... Пешене, анау, мынау дейміз... Мән-жайды қазбалап сұраудың реті келмепті. Ерекең отбасылық жауапкершіліктен гөрі алтын басының еркіндігін жоғары қойды ма, үйелмендік тірліктің өзіне қол емес екенін аңдап, мұңайған жас қалыңдықтың қасынан ақырындап алыстай

берді ме екен, кім білсін, әйтеуір, өз-өзін шарқ ұра іздеп, ақыры жан үйлесімін буырқанған бояу ғаламынан, өзі айтатындай, сыршырай мекенінен тапты ғой. Мұның да бәрін тәптіштеуге құмартпаймыз. Бәлкі, аша жүрегім көрінгенім, табиғаты күрделі, қайшылықты адам. Түсіну қиын. Сыздаған жүрегін аша қоймайды. Тек өлеңінен «жанардағы жасымды жел кептірді» деген жолдарды оқып, мән-жайды там-түм тұйсінгендей боласын. Сөйтіп, өз жарасын өзі емдеген...

Бірде... арада біраз жылдар өткенде Ерсағанның «Штраус вальсін» тыңдап, бұқ түсіп торғып отырған сәтін көріп күрсіндім. Махаббат әуені. Реквием. Ескі әуен көзіне не елестетті екен?! Бәлкім, жапырақ сыбдырын, су сылдырын, сайраған құс үнін естиді-ау. Ксенияның күлкісі жетті ме құлағына...

Штраус әуені десе, қазір мен де көзімді жұмып, ана-оу-у Орал ормандарын ойлаймын. Неліктен екенін, қалың саябақта скрипкасын құйқылжитқан жас Қасым Аманжоловты... Иә, сондағы татар матурлары ынтығатын кәдімгі Қасым шайырды, одан Жайықтың жағасында қолаң шаш украин қызымен сырласып бара жататын бозбала Ерсайынды елестетемін. Өне — өзара тұтасып жатқан аспан мен жер. Толқи лықсыған алқаракөк дария анда жатыр. Сағым ойнаған көкжиекте иықтасып қыз бен жігіт кетіп барады. Қамырықты әуез сыңсиды алыстан...

Қатар жүрген құрбы-құрдастың көбі Ерсайынды білеміз дер. Тек оның ғұмырбаянының тасада қалған тылсым парағы жеткілікті. Мұнда ол арагидік ағынан жарылып, қаны сорғалаған кейбір шындығын сездіреді. Оны да көп ешкім аныстай қоймас. Таралымы аз дүниеге кім ден қоя берсін.



Бір жазбасында: «...Мен, негізі, тыныштық, мамыражай заман болса, анау атакты Ницше, Шопенгауэр немесе өзіміздің Шәкерім сияқты саяқ жүретін, тауда тұратын немесе Тибеттегі «Шамбаланы» тәуір көретін философ болуды армандайтын адаммын. Жаным жалғыздықты қалайды. Жеке қалған шақта дүниәуи ойларды, космологияны, бұл өмірдің есігін неге ашқанымды зерделеп немесе Нумерологияны зерттеп, дәруіш болғым келесі. Өстіп өзіміңнің ішкі құбылысым туралы өлең түздім» — депті.

Дүниеге, байлыққа қызықпадым, алау таңды, жалқын күнді батырдым!

Тәрік қылдым жалғанның қызықтарын, софыларша ғұмыр сүріп жатырмын.

Мән іздеймін мағынасыз жалғаннан, арман қуам асып түсер арманнан!

Оңашада арпалысам ойлармен, қашып жүрем қаладағы көп жаннан.

Топшылықты, көпшілікті сүймеймін, табылады тұла бойдан үйдеймін.

Үйлеспеймін, сөйлеместі с ойлеймін, өгейлердің ішіндегі өгеймін!...

Аса кішіпейіл, алқам-салқам көрінгенім, ділі мықты. Белгілі ұстанымына тастай берік. Сыпайлығының сыртында тұңғыық сыр жатады.

Үшемнің тәлейі не болды?..

Ерсағанның әсем аудандардың бірінен үй алуы бірталай ағайынды дүр сілкіндірген шығар. Өзі бұл жөнінде: «...сол 1999 жылы «Мәдениет жылы» деп, бір бөлмелі пәтерге іліккенім бар. Алматыда 1982 жылдан бері 1999 жылға дейін он жеті жыл бойына пәтерден-пәтерге көшіп, тышқан өріп жүрген подвалдарда тұрған шақтарым болды. Бұлай баспана алып, өмірім күрт 180 градусқа бұрылғанына сенбестеймін. Құдайдың қарасқаны шығар дедім ішімнен. Алғаш мені көшірісіп, қуанышымды бөлісіп, шампан ішкен курстасым, жазушы Шүктөлеу Мұқаш пен суретші Айбар Сейтімөвті қалай ұмытайын! Олар шын қуанды, менен бетер шаттанып, бетімнен сүйе берді!» — деп жазды. («Мамыражай бояулар». Жапақ Е. — «Ер Бәйтерек» ЖШС. — Алматы, 2005. 23-б.).

Көп өтпей-ақ бұл шаңырақ Алматыдағы танымал қаламгерлер мен суретшілердің, композиторлар мен әншілердің бозекелі «штаб-пәтеріне» айналған. Ерсайынның үйі анау Атыраудан келетін бард-әнші Табылды Досымның жаз жайлау, қыс қыстауы еді. Оның әр сапары біз үшін үлкен мерекеге ұласатын.

Сондай күндердің бірінде Бас пошта ғимаратында отыр едік, анадайдан бейтаныс бикеш Ерсағанды қол бұлғап шақырды. Таяу келуден іменіп, кібірткейді. Отыздардан асқан аяқ-қолы балғадай келіншек. Тек екіқабат па деп қалып едім. Тура бүгін-ертен босана қалатындай шерміп жүр. Біздің қырықтар шамасындағы кезіміз.

Селт еткен Ерекең әлгіні таныды білем, өңі бұзылып кеткендей көрінді. Одан жақын барып, екеуі сүт пісірімдей уақыт тілдеседі.

Қасымызға жүзі сынып, қабағы кіржиңкіреп, біртүрлі жүдеп келген. Сөйтсек, бұл

сонау Суретшілер одағындағы «салоннан» басталған «әңгіменің» жалғасы көрінеді. Әйел қала орталығында үш бөлме-үйді жалғыз тұрады екен де, жеті-сегіз ай бұрын бір бөлмесін жалға беруді ұйғарып, Ерсайыннан ыңғайлы пәтерші іздестіруді сұрапты. Маған бір адам қажет, тәртіпті, адамгершілікті болса деген тәрізді. «Іздегенге — сұраған» — Ерекең қуанып кетіп, қолма-қол қасында баспанасыз жүрген жиырма төрт-жиырма бестегі жігітті ұсынады. Кім оң баған депті, орасызын десең, бала да лыпылдап, жармаса кеткендей.

Өзім әлденеше көргенмін о жігітті... Есімі әлде Зиятбек, әлде Зиятбай сияқты, Ерсайынның маңайында есті, салмақты кісінің кейпіне еніп, қылқып, «рөл» ойнап жүргені байқалатын. Жап-жас адамның тайғанақтау, сужұкпастау екені кейде нұр тайған көзінен-ақ көрінбей ме. Сөздің қысқасы, мына қарындасымыз сол қудан көтеріп қалған. Ал әлгі «данышпан» іштегі нәрестенің үшем екені анықталғаннан-ақ алды-артына қарамай безген боп тұр. Кенді оық жегкен әйелдің кезді оық жоқ қанған Ерсайыннан «қашқынды» дереу тауып беруін өтінген беті екен.

P.S.

Сонау болыскей шекпеннің түске кіретіндей реті бар. Өзі де «тағдырлы» киім көрінеді. Үшінші курсқа кіріскен қоныр күз мезгілі болу керек. Қас қарайған сәтте старостамыз Қарсыбек Көпжасар бастамаған оншақты студент дуылдасып, іркесе-тіркесе «Ботаника» бульварының сыраханасынан шығып, жатақханамызды бетке алдық.

Әлден уақытта жігіттердің бірі:

— Милиция! — деп ышқынды да, бәріміз жан-жаққа бей-берекет ытқығанбыз. Ректорат ғимаратының сыртындағы тоғай арасын тұс-тұстан еңдей өтіп, жатақхана табанында еңтіге бас қосқанда, старостамыздың қолға түсіп қалғанын түсіндік. Сол сәтте Ерсайынның плащын Қарсыбек киіп жүрген-ді. Сақшылар қуғанда шекпеннің ұзын етегіне шалынысып қолға бірінісіп кеткен адам биік, қисық өкше өмірқан туфли киетін. Тапырақтап, бітік терек арасынан шыға алмағандай. Қолындағы пәкеде топтағы бүкіл-үл-қыздың студенттік билеті бар. Дәл осы күні деканаттан курстан курсқа көшкенізді растайтын мөр бастырған. Егер құжат милиция қолына түссе, барлық айғақ дайын тұр. Сол себепті ол, жауға тұтылған партизандай, бұлғары мұқабаны ыңғайлы сәтте будка терезесінің санлауынан тысқа лақтырып үлгереді.

Әлден уақытта сақшылар тоқтап, айыппұл төлеуді талап еткенде: «Қазір пәтерден әкеле қояйын» деп әжептәуір қымбат ақсұр плащты «кепілдікке» тастап, жер үйлердің арасындағы жымба-жымбамен заулай қашқан.

Бірақ кейін билет салынған пәтке қайталады. Деканат құжатты баытадан қалпына келтірмеді. Билетіміздің жоқтығынан оқу бітіргенше бірталай қиындық көрдік. Әйтеуір, Қарсыбек досымыз құтылып шықпағанда сөз көбейіп, іс насырға шабатыны анық-тын.

Осылайша Ерсағанның шекпені курс абыройын қорғап қалған еді.

10.02.2026.

Құлтөлеу МҰҚАШ.

НОВАЯ КОНСТИТУЦИЯ – ФУНДАМЕНТ БУДУЩЕГО РАЗВИТИЯ РК

20 января 2026 года на Национальном курултае президент Касым-Жомарт Токаев предложил масштабную конституционную реформу: введение поста вице-президента, упразднение должности госсоветника и переход к однопалатному Парламенту – Курултай. 21 января была создана комиссия для разработки изменений, охватывающих более половины Конституции. Проект новой Конституции был опубликован 12 февраля 2026 года, и теперь 15 марта 2026 года по нему состоится Республиканский референдум.

Ключевые выигрыши конституционной реформы

Новая Конституция Казахстана, вынесенная на референдум, вводится для коренной трансформации государственной системы и знаменует переход от суперпрезидентской модели к президентской республике с усиленной ролью Парламента, запрещает родственникам президента занимать высокие должности и исключает членство президента в партиях. Этот процесс направлен на децентрализацию власти и окончательный отказ от политического наследия первого президента.

В самом деле, в Казахстане через конституционные изменения формируется новая политическая модель, подтверждающая окончательный отход от суперпрезидентской системы. Эти реформы, направленные на создание новой законодательной базы и развитие гражданского общества, являются логическим продолжением политической модернизации, направленной на укрепление демократических институтов.

Согласно проекту новой Конституции РК, планируется масштабное перераспределение властных полномочий, укрепляющее роль Курултая (однопалатного парламента). Президент назначает вице-президента и премьер-министра с согласия Курултая, а также пересматривается структура Правительства. Эти меры направлены на создание справедливой политической системы и предусматривают переход к более сбалансированной модели «президентская республика с сильным Парламентом и подотчетным Правительством».

Также провозглашается модель «человекоцентричного» государства, ставя приоритетом защиту прав, благополучие граждан, образование, науку и инновации. Основной закон закрепляет суверенитет, усиливает роль Конституционного суда, обеспечивает социальные гарантии и стабильность, создавая



правовой фундамент для долгосрочного прогресса.

Новая Конституция призвана стать фундаментом, который обеспечивает переход от модели управления с устойчивым развитием, обеспечивая принципы справедливого государства, ставя человека и его профессионализм в центр государственной политики.

Парламентская реформа в проекте новой Конституции Казахстана – ключевой элемент демократизации, направленный на снижение концентрации власти, усиление роли Курултая (из 145 депутатов) и развитие местного самоуправления (маслихатов). В рамках реформы предлагается переход к формируемому по пропорциональной системе однопалатному Парламенту, где депутаты будут избираться на 5 лет.

Президент определяется как символ и гарант единства народа, ответственный перед «единым народом Казахстана». Ранее акцент делался на его роли как выседящего должностного лица, Глава государства должен будет слагать полномочия председателя партии или других высоких должностей при вступлении в должность, что усиливает принцип политической нейтральности.

Новая Конституция впервые регулирует вопросы цифрового пространства и использования искусственного интеллекта, отменяя переименование значительной части жизни человека в онлайн-сферу. Основной акцент сделан на защите прав граждан (включая цифровые), усилении правосудия, поддержке науки и образования, закреплена право на необходимую оборону, запрет на двойное наказание и защиту от дачи показаний против себя/родственников. В целом эти по-

ложения характеризуются как «человекоцентричность».

Ключевые выигрыши конституционной реформы вполне ощутимы – это закрепление семилетнего президентского срока без права переизбрания, что обеспечивает предсказуемость, закрепление суверенитета, независимости, территориальной целостности, создание однопалатного Курултая, усиление роли Конституционного суда, приоритет человеческого капитала и цифровых реалий, цифровая защита прав, конституционный статус адвокатуры, право на самоидентификацию, запрет цензуры и новые обязанности по заботе о родителях, защита собственности и др.

К тому же необходимо сказать и о политической модернизации, которая включает в себя укрепление правовой системы, переход к «государству правил» вместо «государства импровизаций», провозглашение прав и свобод человека высшим приоритетом, расширение защиты прав всех лиц, проживающих в стране, а не только граждан.

В экономике отмечается прямая защита всех форм собственности и закрепление национального монетарного суверенитета (тенге).

Развитие человеческого капитала и творческая свобода

Культура признается общественным благом – это государственное признание ценности культуры и свободы творчества в рамках понятных правил, которые официально закреплены как приоритет. Государство берет обязательство не только финансировать сферу, но и обеспечивать доступ граждан к культурным ценностям, развивать национальную культуру как приоритет и поддерживать творчество.

Сохранение историко-культурного наследия и свобода творчества также определены как стратегические приоритеты, признаваемые общественным благом. Признание культуры общественным благом на конституционном уровне меняет роль государства: из простого «спонсора» оно превращается в гаранта доступности и защитника творческой свободы. То есть, это принципиально новые подходы к определению роли культуры в



государстве.

Наиболее важным нововведением реформы стало официальное закрепление в Конституции (статья 3, пункт 2) развития образования, науки и инноваций в качестве стратегического приоритета государственной деятельности: «Республика Казахстан признает развитие человеческого капитала, образования, науки, инноваций в качестве стратегического направления деятельности государства». При этом впервые образование, наука и инновации зафиксированы в преамбуле проекта Конституции: развитие человеческого капитала, знаний и инноваций рассматривается как фундамент, как стратегическая основа развития страны.

Новая редакция четко закрепляет гарантии свободы научного, технического и художественного творчества – государственное признание и поддержка теперь сочетаются с защитой интеллектуальной и творческой независимости.

Временная политическая конъюнктура не должна влиять на культурное наследие – оно становится закрепленным государственным приоритетом, направленным на сохранение национального кода и укрепление идентичности.

В рамках этих реформ обновлены правила присвоения национального статуса музеям и библиотекам, что должно усилить их роль в сохранении исторической памяти (новые правила вступают в силу с 10 марта 2026 года).

Такой подход направлен на то, чтобы сделать развитие человеческого потенциала центральной идеей государственного строительства.

Халык Кеңесі – совет с представителями народа

При реформировании Парламента учли мнения экспертов о том, что Сенат возвращал в Мажилис до четверти рассматриваемых законопроектов, чем допол-

нительно контролировал и сокращал поток плохо проработанных законопроектов. Поэтому будет и возрастание нагрузки на каждый комитет будущего однопалатного Курултая. Такую функцию и работу будут выполнять комитеты с соответствующими полномочиями, с расширением функций парламентских расследований.

В то же время необходимы какие-то дополнительные органы с ролью баланса и контроля из сильных специалистов вне Парламента. По новой Конституции таким станет Халык Кеңесі (Народный Совет) – высший консультативный орган, представляющий интересы народа с правом законодательной инициативы, что значительно усилит статус органа. Совет получит право готовить и вносить отдельные законодательные предложения и инициативы на рассмотрение законодательной власти.

Орган сможет выступать с инициативой проведения общереспубликанских референдумов по наиболее значимым для страны вопросам. Он займется межэтническим/межконфессиональным согласием, разработкой предложений по внутренней политике, идеологии.

Введение Халык Кеңесі перейдет и функция организации и проведения Съездов лидеров мировых и традиционных религий, других гуманитарных и международных форумов, имеющих государственное значение.

Новый орган Халык Кеңесі будет важной консультативно-совещательной платформой при Президенте. Совету будет предоставлен базовый функционал Ассамблеи народа Казахстана по вопросам межэтнического и межконфессионального согласия и в перспективе заменит Ассамблею народа Казахстана и Национальный курултай.

То есть Халык Кеңесі станет новым государственным органом и будет обладать статусом высшего консультативного органа страны. В нем будут представлены все этносы, группы населения и регионы. Состав Совета предложено сформировать из 126 человек: 42 – от этнокультурных объединений, 42 – от крупных общественных объединений, 42 – от маслихатов и региональных общественных советов.

Все члены Халык Кеңесі будут назначаться Президентом, а председатель – избираться его



членами. Высшим органом Халык Кеңесі станет сессия, созываемая не реже одного раза в год.

Вместе с тем новый орган будет заниматься консультативной деятельностью, сфокусируется и на выработке предложений по совершенствованию государственной внутренней политики, займется продвижением и разъяснением вопросов, касающихся государственной идеологии, а также положений Конституции и других важнейших документов нашего государства.

Статус и порядок формирования Халык Кеңесі будет регламентированы отдельным разделом в Конституции и специальным Конституционным законом.

Дастан ЕЛДЕС



В статье для The National Interest президент Казахстана изложил видение нового мирового порядка и роли Астаны в нем. 18 февраля в журнале The National Interest (США) вышла статья Касым-Жомарта Токаева «Надежность — новая сила», передает inbusiness.kz.

Президент Казахстана заверил, что его страна станет надежным и добросовестным партнером Соединенных Штатов Америки. Приводим перевод статьи:

«Мир вступает в эпоху, когда стабильность стала одним из самых редких стратегических ресурсов. Растет число конфликтов, обостряется геополитическое соперничество, а деятельность международных институтов все чаще оказывается парализованной из-за противоречий, поляризации и снижения общественного доверия.

На протяжении десятилетий глобальная политика формировалась в соответствии с концепцией глобализма, которая не была изначально порочной. Ее заявленная цель — создание взаимосвязанного и инклюзивного международного порядка — казалась рациональной и конструктивной по крайней мере, на первый взгляд.

Однако со временем эта концепция была искажена. Она трансформировалась в модель, основанную на таких крайне идеологизированных принципах, как инклюзивность без ответственности, свобода без ограничений и претензия на моральное превосходство (или исключительность). При этом игнорировались взгляды суверенных обществ, прагматичных политиков и тех, кто руководствуется здравым смыслом.

В результате глобализм постепенно утратил свою легитимность в глазах сотен миллионов людей по всему миру.

Эта утрата доверия не была случайной. Она была вызвана разоблачениями коррупции беспрецедентного масштаба, укорененной в государственных институтах и политических системах ведущих стран. Вовлечение известных политических деятелей в такого рода схемы лишь усилило и без того критическое отношение к правительствам, связанным с левыми идеологическими программами.

Сегодняшняя международная обстановка демонстрирует растущий запрос на прагматизм и реализм. Этот сдвиг стал особенно очевиден на конференции в Мюнхене, где в числе наиболее содержательных высказываний высокопоставленных западных лидеров прозвучала простая ис-

НАДЕЖНОСТЬ КАК НОВАЯ СИЛА:

Токаев обозначил стратегию партнерства с США



тина: национальные интересы нельзя игнорировать, суверенитет не может восприниматься как неудобство, а стабильность не может основываться на идеологической догме.

Мир не отвергает сотрудничество. Он отказывается от иллюзий. Формирующаяся новая доктрина предельно ясна: порядок должен основываться на верховенстве закона, ответственности, предсказуемых обязательствах и уважении к культурной и национальной самобытности. Это не изоляционизм. Это признак политической зрелости.

Нигде провал старой модели не проявляется так явно, как в сфере урегулирования конфликтов. Слишком долго международное сообщество полагалось на бесконечный цикл переговоров, деклараций и конференций, которые заканчивались лишь символическими заявлениями. Результат известен: соглашения, которые не исполняются; дипломатия, которая не приводит к результатам; мирные процессы, которые не ведут к достижению мира.

Мир больше не может позволить себе и дальше придерживаться такого подхода.

Именно поэтому создание по инициативе президента Дональда Трампа Совета мира, который получил полную поддержку Организации Объединенных Наций, представляет собой значимый

шаг вперед. Это не просто очередной форум для бесконечных дискуссий. Это практическая инициатива, нацеленная на достижение конкретных результатов, особенно в Газе и на Ближнем Востоке.

Главное отличие этой инициативы заключается в ее логике. Белый дом предложил действительно новаторский подход: вместо повторения исчерпавших себя политических формул выдвинута четкая и практическая концепция — мир через устойчивое экономическое развитие. Другими словами, мир рассматривается не как лозунг, а как проект, который включает в себя инфраструктуру, инвестиции, рабочие места и будущее, что делает возобновление конфликта бессмысленным. Благодаря новаторскому подходу и амбициям эта инициатива заслуживает уважения и международного внимания.

В Казахстане позитивное отношение к политическим принципам, связанным со стратегией президента Трампа, широко выражается на различных уровнях общественной и экспертной дискуссии: здравый смысл, защита традиционных ценностей, отстаивание национальных интересов и стремление к прекращению войн, а не к их затягиванию.

Эти принципы находят отклик, потому что отражают то, чего интуитивно желает большинство обществ: безопасность, стабильность и достоинство. Поддержка Казахстаном этого направления носит не риторический, а практический характер. Именно поэтому мы приняли решение присоединиться к Совету мира и поддержать его конкретными действиями.

Это является логическим про-

должением решения Казахстана присоединиться к Авраамским соглашениям. Это не просто дипломатический жест, а стратегический выбор. Казахстан всегда придерживался взвешенного и конструктивного подхода. У нас прочные отношения с Израилем, при этом мы последовательно поддерживаем палестинский народ и придерживаемся формулы сосуществования двух государств как единственной надежной основы для мира. Наше решение продиктовано также национальными интересами с целью укрепления экономического сотрудничества, привлечения инвестиций и передачи передовых технологий. В более широком смысле мы надеемся, что это будет способствовать расширению диалога между мусульманским и еврейским обществами.

взаимосвязанность. Благодаря этому ВВП Казахстана на душу населения достиг 15 000 долларов США, что еще больше укрепляет наши позиции как крупнейшей экономики в Центральной Азии.

Наши стремления очевидны: мы хотим стать важным транспортным и логистическим коридором, соединяющим Азию и Европу, а также стремимся создать современную экономику, основанную на технологиях инноваций и высоком уровне человеческого капитала.

Более того, наши усилия в области цифровой трансформации, модернизации государственного сектора и внедрения новых технологий, включая искусственный интеллект, не являются просто абстрактными желаниями. Они являются частью нашей национальной стратегии по созданию



Все эти шаги делают партнерство с Соединенными Штатами сильнее, чем когда-либо.

Казахстан и США выстроили многостороннее партнерство, основанное на взаимном уважении и понимании. Американские компании на протяжении долгого времени входят в число крупнейших инвесторов Казахстана, особенно в сфере энергетики.

Сегодня наше сотрудничество охватывает все новые направления, в том числе стратегически важные минералы, цифровую инфраструктуру, передовые производства, логистику и инновации. Одним из наших недавних совместных проектов стала разработка одного из крупнейших в мире месторождений вольфрама в Казахстане в партнерстве с американской компанией Covestro Capital. В развитие этих тенденций мы рассчитываем на дальнейшую работу с американскими партнерами на благо наших народов.

В последние годы мы следовали стратегии модернизации, диверсификации и интеграции в мировые рынки. Улучшен инвестиционный климат, усовершенствована нормативно-правовая база, укреплена региональная

конкурентоспособного государства, способного успешно противостоять современным вызовам.

В то же время экономический прогресс осуществляется благодаря значительным институциональным реформам. В условиях глобальных вызовов и неопределенности Казахстан переживает один из самых важных этапов политической истории в своей новейшей истории. Мы движемся от суперпрезидентской системы к государственному управлению, основанному на балансе сил и ответственности в соответствии с принципом «Сильный президент, влиятельный парламент и подотчетное правительство».

Эта программа модернизации приближается к важной вехе. Казахстан активно готовится к проведению общенационального референдума по проекту новой Конституции, направленной на укрепление государственных институтов, повышение подотчетности и обеспечение более устойчивой и жизнеспособной системы управления в будущем.

В современном мире доверие определяется не риторикой, а последовательностью и ответственностью. Страны, которые строго придерживаются своих обязательств, действуют открыто и стремятся к практическому сотрудничеству, формируют прочные основы доверия.

Казахстан остается верным своей цели быть надежным и честным партнером, который ценит стабильность, соблюдает международные обязательства и добивается реальных результатов».



КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК СТАНЕТ ОБЯЗАТЕЛЬНЫМ:

Минкультуры
ужесточает правила

В Казахстане обсуждается инициатива, направленная на повышение доли казахоязычного контента в теле- и радиовещании. Министерство культуры и информации РК подготовило проект изменений, предусматривающих административную ответственность для тех вещателей, которые не соблюдают языковую норму, установленную законом.

В Казахстане телеканалы и радиостанции обязаны соблюдать нормы по объему контента на государственном языке — казахском. Это предусмотрено пунктом 3 статьи 5 закона «О масс-медиа». Однако на практике, как отмечается в консультативном документе Министерства культуры и информации РК, действующее законодательство не содержит санкций за нарушение этих требований.

Речь идет о том, что в действующем Кодексе об административных правонарушениях (КоАП) отсутствует норма, устанавливающая ответственность за несоблюдение минимального еженедельного объема теле- и радиопрограмм на государственном языке. В результате у государства нет эффективного механизма принуждения вещателей к выполнению языковых квот.

Минкультуры и информации Казахстана предложило штрафовать теле и радиоканалы, если их контент на казахском языке занимает меньше 55% от эфирного времени в неделю. Еще предложили штрафовать за большое количество рекламы на ТВ и радио: она не должна превышать 20% от общего вещания.

Опыт Канады — как пример для Казахстана

Авторы инициативы предлагают взять на вооружение опыт Канады в защите и продвижении официальных языков — английского и французского. В этой стране языковая политика в сфере масс-медиа регулируется двумя ключевыми законами: Законом об официальных языках (Official Languages Act, OLA) и Законом о радиовещании (Broadcasting Act).

Оба нормативных акта предусматривают административную ответственность за несоблюдение языковых норм. Министерство культуры считает, что подобная практика может быть адаптирована и в Казахстане для стимулирования производства контента на казахском языке.

Государственный язык и языковая политика Казахстана

Согласно Конституции Республики Казахстан, государственным языком является казахский. При этом русский язык официально используется в государственных органах и органах местного самоуправления наравне с казахским. Русский также широко представлен в медиапространстве, системе образования и повседневной жизни граждан.

Основной закон страны гарантирует создание условий для развития всех языков, используемых в Казахстане, и запрещает дискриминацию по языковому признаку.

Русский язык — не вне закона

Несмотря на акцент на развитии казахского языка, власти подчеркивают важность сохранения и поддержки русского языка как части культурного и образовательного пространства страны. В 2022 году Токаев выступил инициатором создания Международной организации по русскому языку. Соответствующий договор был подписан в 2023 году в Бишкеке на саммите СНГ.

LADA.KZ



КАЗАХСКИЙ СТАНОВИТСЯ ЯЗЫКОМ БИЗНЕСА, НАУКИ И ТЕХНИКИ



В статье автора «Казахстанской правды» отмечается, что стали заметны положительные изменения: государственный язык постепенно обретает статус не только языка общения, но и бизнеса, науки и техники. И действительно, в книжных магазинах можно увидеть немало интересной и разнообразной литературы, представленной на языке великого Абая. Кроме того, сейчас много молодых издателей, которые занимаются переводом и выпуском мировых бестселлеров.

Полагаю, это стало возможным во многом благодаря подросшим билингам (носителям двух языков), полилингам (носителям трех языков), полиглотам.

Сейчас много таких примеров, когда детей из русскоязычных семей отдают в казахские школы. Бывает, кстати, и наоборот, но реже. Я лично знаю пару таких семей, где родители владеют исключительно казахским языком, отдали своих детей обучаться в школу с русским языком обучения. Как они сами говорят, для того чтобы дети хорошо знали как минимум два языка.

Таким образом, выросло не одно поколение, в равной степени хорошо владеющее как казахским, так и русским языками. Смею предположить, что именно это преимущество и позволяет в настоящее время пополнять фонд казахской литературы за счет переводов наиболее интересных и ценных изданий, которые когда-то уже были переведены и изданы на русском языке.

Среди молодых людей в настоящее время немало и полилингов, а также полиглотов, владеющих несколькими языками, которые, в свою очередь, могут повысить статус государствен-

кам стоит серьезно потрудиться, сделав упор на востребованные в современных реалиях направления. Роль языка значительно возрастет, если его представлено в научном и техническом мире.

Благо уже сейчас на казахский язык переводится не только художественная, но и деловая литература. И доля ее присутствия на рынке должна планомерно увеличиваться.

В свое время Глава государства отметил и особую роль деятельности международного общества «Қазақ тілі», бразды правления которым также были отданы представителям нового поколения во главе с Рауаном Кенжетханулы.

Президентом была поддержана и инициатива создания эндаумент-фонда Qazaq tili, которая была подхвачена многими состоятельными гражданами нашей страны, за что Касым-Жомарт Токаев выразил свою признательность.

Напомню, эндаумент-фонд поддержки казахского языка был создан по инициативе международного общества «Қазақ тілі». Идея была одобрена Главой государства 12 октября 2023 года во время встречи с руководителем общества «Қазақ тілі».

И в начале декабря 2023 года свой первый взнос в Endowment Qoғу в размере 7 млн тенге Касым-Жомарт Токаев внес лично.

К слову, средства эндаумент-фонда контролируются незави-

симым попечительским советом, в который входят авторитетные общественные деятели, ученые-лингвисты и представители государства. При этом доходы фонда будут направляться в виде грантов на реализацию проектов, связанных с расширением сферы применения и дальнейшего развития государственного языка.

Также Президент отметил и большое значение креативной индустрии в развитии экономики и, как следствие, будущего государственного языка, когда необходимо максимально эффективно применять новые подходы и инструменты для его развития, используя информационные технологии.

А ведь потенциал на самом деле огромен. Сейчас как никогда стоит задуматься над созданием качественного контента на казахском языке и полноценно использовать для этого все возможные интернет-площадки с целью дальнейшего распространения и непринужденной формы его изучения.

Важно нести язык в массы через культуру, искусство, хорошую литературу и опять же качественный контент.

За последние годы заметно возросла роль казахского языка в отечественном кинематографе. С каждым годом все больше фильмов снимают на государственном языке или в смешанной форме, что тоже весьма эффективно при изучении языка, в частности, для тех, кто не владеет им совсем. Отдельно переведенные фразы в общем контексте довольно хорошо запоминаются.

Важно, чтобы и для детской аудитории создавалось достаточное количество информационных продуктов на родном языке. Это могут быть книги, мультфильмы, кино и песни. Не раз замечала, что в Казахстане практически нет детских авторов-песенников. А ведь знания любого языка закладываются именно в детском возрасте.

Прогрессу в деле развития казахского языка, а в целом и интеллектуальному подъему должны послужить книги. Очень хорошо сказано об этом Глава государства: «Самые значимые ступеньки к прогрессу нашей нации — это книги. Поэтому мы должны последовательно укоренять в обществе высокую культуру чтения».

Мы должны прививать молодежи любовь к чтению. Но как? С одной стороны, Интернет вытесняет книги, а с другой, надо понимать, что чтение — это еще и недешевое удовольствие. Приведу пример. Недавно приобрела трилогию зарубежного автора Айна Рэнда за 10 с хвостиком тысяч тенге. И это еще не самая дорогая книга. Каждый раз приобретать литературу по такой цене несколько накладно, особенно студентам. Поэтому возрождение библиотечного дела, о котором говорил Президент, — это очень важное дело.

То есть для того, чтобы люди читали, книги должны быть доступны. А это значит, нужно создавать хорошие библиотечный фонд и современные читальные залы, уличные book-локации, о чем тоже сказал Глава государства.

И в 2025 году 23 апреля по инициативе Главы государства в Казахстане впервые отмечался Национальный день книги.



Асель ШАЯХМЕТ

Касым-Жомарт Токаев с рабочим визитом посетил США и принял участие в инаугурационном заседании Совета мира в Институте мира имени Дональда Трампа в Вашингтоне. В центре повестки — восстановление Газы и гуманитарная поддержка региона. В своём выступлении президент Казахстана сделал акцент на практическом подходе к миру — через инфраструктурные проекты, гуманитарную помощь и экономическое сотрудничество, а также подтвердил готовность Казахстана участвовать в стабилизации ситуации в секторе Газы.

Оценить значение первого заседания Совета мира и участие Казахстана в нем корреспондент агентства DKNNews.kz. попросила известного политического аналитика из Израиля, кандидата политических наук Юрия Бочарова. О том, какую роль Казахстан может сыграть в гуманитарной поддержке Газы, как в Израиле воспринимают инициативы Токаева и что означает его курс на практическую дипломатию и развитие партнёрства с США — в интервью с экспертом.

- Юрий Борисович, как вы оцениваете значение и итоги первого заседания Совета мира в Вашингтоне, и какие задачи Казахстан стремится решить на этом уровне?

- Первое заседание Совета мира в Вашингтоне стало не столько площадкой для заявлений, сколько точкой институционализации нового формата принятия решений по постконфликтному устройству. Участие Казахстана в этом процессе означает переход от позиции внешнего наблюдателя к роли ответственного участника формирования международной повестки безопасности и восстановления. Президент Касым-Жомарт Токаев последовательно выстраивает линию, при которой Казахстан присутствует там, где принимаются решения, способные влиять на устойчивость регионов и, как следствие, на глобальную стабильность.

Важно отметить, что визит имел не только политическое, но и стратегическое значение: участие в обсуждении параметров будущих стабилизационных механизмов, гуманитарной поддержки и восстановления инфраструктуры напрямую связано с задачами укрепления международного авторитета Казахстана как надёжного и прагматичного партнёра. В итоге можно подчеркнуть, что участие Казахстана в Совете мира отражает стремление президента Токаева обеспечить стране место среди государств, не просто реагирующих на кризисы, а участвующих в их системном разрешении.

- Что вы можете сказать о публичных сигналах Токаева и Трампа на первом заседании Совета



КАЗАХСТАН ПРИСУТСТВУЕТ ТАМ, ГДЕ ПРИНИМАЮТСЯ РЕШЕНИЯ

— эксперт о Совете мира в Вашингтоне



мира? Насколько такие сигналы важны в международной политике и что они могут означать для казахстанско-американских отношений?

- В современной международной политике публичные сигналы играют роль своеобразного дипломатического маркера, фиксирующего уровень доверия и открывающего пространство для практического взаимодействия. Благодарность со стороны президента США Дональда Трампа и его высокая оценка Казахстана как стабильного и обеспеченного государства — это не просто элемент протокола, а признание возрастающей роли страны в формирующейся архитектуре глобальной безопасности.

Президент Касым-Жомарт Токаев — опытный политик, который, безусловно, тонко чувствует и понимает ожидания противоположной стороны. В этой связи его предложение об учреждении награды под эгидой Совета мира, носящей имя Трампа, следует рассматривать как прагматический шаг, направленный на институционализацию нового формата взаимодействия и укрепление персонализированных каналов дипломатического диалога. Речь идёт не о символике

ради символики, а о формировании дополнительного механизма доверия в рамках складывающейся системы международной координации.

В этом контексте подобная инициатива демонстрирует способность казахстанского руководства гибко работать в условиях новой дипломатической реальности, где персональный фактор приобретает всё большее значение, и одновременно подтверждает курс президента Токаева на прагматичное укрепление казахстанско-американского партнёрства.

- Как вы оцениваете практический подход Токаева к урегулированию конфликтов и готовность Казахстана поддержать стабилизацию и восстановление Газы?

- Подчёркнутый президентом Токаевым акцент на конкретных действиях — восстановлении инфраструктуры, запуске экономических проектов и оказании гуманитарной помощи — отражает понимание того, что устойчивый мир невозможен без институциональной и социально-экономической базы. Такой подход переводит дискуссию из плоскости деклараций в сферу практической

реализации.

Особенно важно, что обсуждается возможность участия казахстанских миротворческих подразделений в международной стабилизационной миссии в секторе Газы. В израильской экспертной и политической среде подобная перспектива воспринимается положительно: наличие на местах контингента из дружественной и предсказуемой страны рассматривается как конкретный вклад в обеспечение порядка и переход к восстановлению гражданской жизни. Израильская сторона заинтересована в том, чтобы в подобных миссиях участвовали государства, вызывающие доверие — и Казахстан относится именно к таким партнёрам. В этом смысле готовность Казахстана к практическому участию в стабилизации воспринимается как прямое продолжение курса президента Токаева на ответственную международную роль.

- Может ли Казахстан сыграть заметную роль в диалоге между мусульманским и еврейским миром?

- В своей статье для National Interest президент Токаев обозначил более широкую миссию участия Казахстана в междуна-



родных инициативах — развитие диалога между различными цивилизационными пространствами. До настоящего времени одним из ключевых проводников взаимодействия Израиля с мусульманским миром выступал его стратегический партнёр Азербайджан, с которым Израиль связывают более чем дружественные и устойчивые деловые отношения. Именно через Баку в значительной степени выстраивались рабочие каналы сотрудничества с рядом государств региона.

В этой связи, если Казахстан начнёт последовательно рабо-

тать в той же логике, расширяя площадку взаимодействия с мусульманскими государствами, по крайней мере в рамках своего регионального окружения, это будет воспринято положительно и будет приветствоваться всеми сторонами. Израиль заинтересован в развитии отношений со всеми государствами, готовыми к конструктивному сотрудничеству, и роль Казахстана как потенциального посредника в поиске новых партнёров в мусульманском мире объективно возрастает.

В итоге можно отметить, что политика президента Токаева открывает дополнительные возможности для расширения диалога, в том числе через Казахстан, как платформу для взаимодействия с теми государствами, которые готовы к практическому и взаимовыгодному сотрудничеству с Израилем.

- Как в Израиле воспринимается позиция Токаева, сочетающая прочные отношения с Израилем и поддержку решения «двух государств»?

- Сегодня в политическом обществе Израиля традиционно ценится предсказуемость и последовательность внешнеполитических партнёров. Вместе с тем стоит отметить, что в последнее время Израиль всё чаще избегает прямого использования формулы «двух государств», поскольку её интерпретация в международной среде существенно различается и нередко отрывается от реальной ситуации на местах и фактической динамики безопасности.

В этой связи можно предположить, что по мере более активного вовлечения Казахстана в вопросы стабилизации обстановки в секторе Газы и более глубокого понимания ситуации изнутри, его позиция может эволюционировать — будь то в сторону израильской трактовки дальнейшего развития или в направлении сохранения собственной дипломатической линии. В конечном счёте, сегодняшний день курс президента Токаева воспринимается в Израиле как пример стабильной и взвешенной политики, допускающей пространство для практического взаимодействия.

- Что говорит о целях визита Токаева в Вашингтон его акцент на инвестициях и технологиях?

- Акцент Касым-Жомарта Токаева на инвестициях, технологиях и расширении экономических связей с США свидетельствует о стремлении перевести политическое взаимодействие в плоскость долгосрочного партнёрства. Это отражает понимание того, что участие в международных инициативах по обеспечению мира должно сопровождаться развитием экономического сотрудничества и институциональных связей.

Встречи с представителями американского бизнеса и обсуждение перспектив совместных проектов подчеркивают, что визит носил комплексный характер и был направлен на укрепление стратегических позиций Казахстана в глобальной экономике. В этом контексте стоит подчеркнуть, что внешнеполитический курс президента Токаева ориентирован на сочетание дипломатической активности с расширением экономических возможностей страны.

Зарина ЖОЛБАРЫСҚЫЗЫ

● 8 НАУРЫЗ – ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

АЗАМАТ-ЕРДІҢ БІР КӨРКІ – АСЫЛ ЖАРЫ

Арагдік әйгілі партизан Әди Шәріповтің тағдыры туралы толғанып қоямын. Ерте-Аректе о кісінің атасы Қайранбай қажы, әкелері Шәріп пен Халел өміріне біршама тоқталғаны да бар. (Мұқаш Қ. Айдиар. Роман-эссе. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2024. – 128-137 б.б.).

Әйткенмен, уақыт өте кейіпкер әлеміне дендеп кіріңкірей түскенінде осынау тау тұлға ғұмырының иірімдеріне аса терең бойлай алмағаныңды аңдайсың...

Шәріпке топырақ Мекке жерінен бұйырыпты. Қайранбай да сол қажылыққа екінші барған сапарынан қайтар жолда дүние салып, Ресейдің Пенза қаласынан сая табады. Ертеректе Қайранбайдың әкесі Токтыбай: «Біздің үрім-бұтақ көп тауқымет шегеді, есесіне, келешекте несіміздің атын дүйім елге паш ететін мәңділей жарық бір ұл туады» деп сәуегейлік айтқан екен. Сол айтөбел бала осы Әди болса керек. Тоқан қария айтса айтқандай-ақ, атышулы нәубет жылдарында үлкендері түгелге жуық «халық жауы» ретінде атылған әулеттегі әлгі перзенттің тағдыры да ауырлау басталып, әкеден екі жаста қалыпты.

Әдидің қозғала шақтан-ақ бай тұқымы санатында қуғын-сүргінге ұшырағаны, одан Түркімен жеріне барып жан сауғалағаны, кейінірек Екінші жаһан соғысында таңғажайып ерлік үлгісін көрсеткені мәлім. Майданда «Қазақ Саша» деген аты аңызға айналып, жауға құбыжықтай көрінген партизан отрядының командирі Әди Шәріповтің басына неміс қолбасшыларының Германия мемлекеті атынан елу мың марка тігуі талай жәйтті білдірсе керек. Оқ пен от арасында жанын шүберекке түйіп, небір сынақты өткерген Әди өз өміріндегі кейбір көріністердің әрдайым көз алдында тұратынын айтады екен. Мәселен, Шәріптің жамағайындарының бірі мұны төрт-бес жасында өлімші қылып соққыға жығады. Сөйтсе, ол шешесі Ғазизаны әменгерлік жолымен әйел үстіне алмаққа көп талаптанған жан көрінеді. Бірақ жесір одан үзілді-кесілді бас тартқан. Өзі москалдығына қоса еңгігіп, екі иығынан зорға дем алып, үнемі терлеп жүретін өте семіз адам екен. Салмағының ауырлығы ат шыдатпапты. Әмбе айналаға асқан мейірімсіздігімен белгілі біреу болса керек. Күндердің күнінде осы жекжат-жұраттын алысқа ұзатылған қыздарының бірі кішкене ұлымен төркіндеп келіп

қалады да, әлгі «күйеу» оның баласына, ауқатты үйелменнің өзге малы құрығандай, дәл Әди мініп жүрген ұшқыр қаракөк тайды тарту студі ұйғарады. Осыны біліп қалған Ғазиза Әдиді тайына отырғызып: «Мұнда оншақты күнсіз қайта оралушы болма!» деп отыз шақырымдай жердегі көл жағасында отырған нағашы атасына түнделетіп қашырып жібереді.

Аталған мерзім аралығында анасын сағынған ұл ауылға қайтып келген бойда анау озбыр «сыйлы мейманның алдында бәрімізді маскара қылып жерге қараттын» дегендей қаршадай баланы бас салып, қан-жоса қылып қамшы астына алыпты. Осы жағдайдың үстінен кездейсоқ түсіп қалған Ғазиза шырқырап, ұлын әрең арашалап қалады. Құдайдың құдыреті ме, кім білсін, ертеңіне әлгі содыр өз-өзінен жүрек талмасы ұстап шейіт болған көрінеді. Жазықсыздан таяқ жеген сәтін ғұмыр бойы ұмыта алмаған Әди сонда еттен өткен қамшыдан гөрі ағайынның қиянатына күйініпін дейді екен.

Естен кетпес айшықты көріністердің тағы бірі соғысаяқталған 1945 жылы болады. Бұл кезде Қазақ ССР-і Оқу министрінің орынбасары қызметінде жүрген майдангер жігіт Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Қажымұқан Мұңайтпасов, Құрманбек Жандарбеков бастаған топпен бірге Семей облысының Қарауыл ауылындағы Абайдың жүз жылдық мерейтойына барады. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Жағыпар Мыңжасаров комиссия басшысы ретінде астанадан келген қонақтарды қол қусырып күтіп алып, өз үйіне бастайды. Сонда төрағаның тұлымшағы желбіреп ойнап жүрген бес жастағы ерке қызы топ мейманның арасынан осы Әдиге айрықша үйіріліп, қасынан шықпауға айналыпты. Жайғасқан жерінде тізесіне отырып, мойнына асылып алады екен. Әди де бүлдіршін қыздың ерекше ықпалына сүйсініп, оны кетер-кеткенінше жанынан тастамай көтеріп жүріпті...

Міне, жоғарыдағы жәйттің бірсыпырасын бізге арада қаншама жылдар өткенде әлгі бес жасар қыз әңгімелеп



беріп отыр. Ал бұл сөзді ол қайдан біледі, өзі кім еді десеңіз, Клара Жағыпарқызы – Әди ағамыздың Құдай қосқан екінші зайыбы. Тағдыр екеуін 1970 жылдардың орта тұсына қарай Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында қайта жолықтырады. Бұған дейін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы болған Әдекен осында ауысып келіпті. Клара тәтей аталған институтта жұмыс істейді екен.

Бұл – екіге жетер-жетпесте әкеден, он үш жасында шешесінен айырылған қайраткерінің алғашқы жолдасы өмірден озып, тағы да тұлдыр жетімнің хәлін кешкендей қатты күйзеліп, жүдеп-жаданқырап, азып-тозынқырап жүрген кезі сияқты.

Мән-жайға қаныққан Клара тәтей ойлана келе қамқоніл ағаны қамқорлыққа алуға, ыстық-суығын бірге көтерісіп, сүйеу болуға бел буады.

– Бір күні жүрегімді қолыма ұстап, кабинетіне кірдім де: «Мен сізді жақсы көремін, Әди аға! Өзіңізбен тұрмыс құрғым келеді дедім» – дейді өзі.

Әдекен тосын ұсынысқа біршама абырап, ошарылып қалады.

– Апырай, бұл қалай болар екен?! Сен әлдеқайда жассың ғой, айналайын!

– Біраз жас айырмасында тұрған не бар, аға! Сізбен бақытты өмір сүретімізге көзім жетеді. Қандай қиындықты бірге көтерісетін адал жар боламын сізге!..

Айтса айтқандай-ақ, жиырма жыл жарасымды ғұмыр кешеді. Әдекен қосылған соң көп ұзамай Әлия есімді қыздары дүниеге келеді. Перзенттерін қазақ

мектебіне беріп, жақсы адам, білікті маман қылып өсіреді...

Кейін отағасының туған-туысы мен дос-жараны Қазақ Қыздар педагогикалық институтында доцент, одан филология факультетінің деканы қызметтерін атқарған педагог, ғалым адамның биік адамгершілігін, мінезінің ашықтығын, бауырмалдығын жоғары бағалайды. Ал Әдекен Константин Федин, Михаил Шолохов, Леонид Соболев, Максими Танк, Александр Твардовский, Расул Гамзатов сынды марқасқалар мен ірі әскери қолбасшылармен, даңқты ұшқыш Александр Покрышкин сияқты сайыпқырандармен етене араласқан кісі. Әдидің зайыбын өзіміздің алыптар тобының өкілдері де бек құрметтегені байқалады. Бірде заңғар суреткер Ғабит Мүсірепов қаламдастарымен бірге Әди шаңырағынан дәм татып отырып:

– Жазушыға жар болу оңай іс емес. Осы Алматыда шақырса екен, барсақ екен деп ынтығатын екі-үш қана отбасы бар. Солардың бірі – осы Әди мен Клараның үйі. Келініміз қашан келсе те көңілден шығып, қонақты да күте білетінін, күйеудің де бабын табатынын көрсетеді. Ал мұнысы талай әйелге үлгі болатын нәрсе. Дегеніңе жет, шырағым! – деп батасын беріпті.

Әди Шәріпов сексен бірге қараған шағында дүниеден өтті. Мұндайда майдангер ақын Сумен Гудзенконың:

«Мы не от старости умрем, – от старых ран умрем.

Так разливай по кружкам ром, трофейный рижий ром!» –

дегеніндей, о кісінің де денсаулығына жастың ұлғаюынан бұрын ескі жара зардабын тигізді ме деп ойлаймыз. Соғыстың аяқ тұсында Әдекеннің ауыр жараланғанынан хабардар едік.

Бүгінде Клара Мыңжасарова апайымыз жолдасының шығармаларына ие болып, кітаптарының балғарып, оның бұрынғы отбасындағы балаларына да ұйытқы болып, түтінін түзу түтетіп отырған асыл адам.

– Әдекен ізгіліктен айнымаған кісі еді. Өзі: «Өмір деген мәңгіліктің алдындағы жалт ететін мезет қана, сол себепті, адам сонынан жақсы ат қалдыруы керек» деп отыратын өте кішіпейіл жан-ды. Қарап отырсақ, оның кітаптарында өзі ылғи тасада қалып, қарулас достарының ерліктерін көбірек көрсетуге күш салғаны көрінеді. Осыны біреулер түсініп, біреу түсінбейді. Қалай дегенмен, Әдидің сол мінезін ұрпағының бойынан көріп қуанамын, – дейді Клара апай.

Құлтөлеу МҰҚАШ,
жазушы.

Қай қоғамда да ұлттың тағдыры кең алдымен ұстаздың қолында. Сондықтан, ұстаздар қауымы қашанда құрметке лайық. Төрден ойып орын алатын тұлғалардың бірі – Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы №208 мектеп-гимназияның директоры, білікті басшы, парасатты педагог Гүлбағда Әденова. Өмір көрген адам ретінде мен үшін басшылық – бұл лауазым ғана емес, ол – үлкен жауапкершілік, адами салмақ, рухани биіктік. Әсіресе, білім беру саласында басшы болу – әр мұғалімнің ғана емес, әр оқушының тағдырына ортақ болу оңай шаруа емес. Ал сол жолда сәулесін жағып, жолын айқындайтын – мұғалім.

Қазір әрине, уақыт өзгерді, заман жаңарды, технология дамыды. Бірақ адам тәрбиесінің өзегі, рухани негізі, ұлттық болмысы ешқашан өз мәнін жойған емес. Осы күрделі де жауапты саланың құлағын ұстап отырған, Гүлбағда Есейханқызының басқару мектебі – адамға жақын, жүрекке жылы, әділдікке негізделген басқару үлгісі. Ол еңбек жолын қарапайым іс-қағаздармен бастағанымен, уақыт өте келе ұжыммен жұмыс істеудің, кадр тәрбиелеудің, ең бастысы – адам тандудың нағыз шеберіне айналды.

ЖАҚСЫЛАРДЫҢ КЕУДЕСІ – АЛТЫН САНДЫҚ

Әр ұстаздың ішкі жан дүниесіне үніле білу, әрқайсының бойындағы мүмкіндікті дер кезінде байқап, аша білу – кез келген басшының қолынан келе бермейтін қасиет. Бұл – табиғи дарын мен өмірлік тәжірибенің тоғысуынан туындайтын сирек қабілет. Ұстаздық жолда, әсіресе жас мамандар үшін ең қиын кезең – оқушы психологиясын түсіну. Баланың мінез-құлқын, ішкі күйзелісін, жасырын қарсылығын немесе үнсіз мұңын бірден аңғару оңай емес. Осындай сәттерде Гүлбағда Есейханқызының кәсіби интуициясы, терең педагогикалық пайымы көпке сүйеніш болды.

Кейбір күрделі жағдайларды ол рентгендей дәл көріп, мәселенің түп-тамырын дөп басып, оңтайлы шешім ұсынып отырады. Нағыз басшының көрегендігі – ұжымдағы әр адамды бірдей деңгейде көре білуінде емес, әрқайсының бойындағы даралықтан бағалай білгендігінде. Бұл тұрғыдан алғанда, Гүлбағда Есейханқызы әр мұғалімнің шеберлігін шындап, кәсіби өсуіне жағдай жасай біледі. Бірі – әдістемелік ізденіске бет бұрса,



бірі – шығармашылыққа, бірі – тәрбие жұмысына бейімделді.

Осындай үйлесімділік мектептің жалпы нәтижесінен, білім сапасынан, ұжымның ішкі мәдениетінен айқын көрініс тапты. Қай салада болсын жүйе бар жерде – нәтиже бар. №208 мектеп-гимназиясында да бұл қағида нақты іске асқан. Жұмыс

тәртібіндегі нақтылық, талап сенімнің тең ұсталуы, эстетикалық талғамның жоғары деңгейі – мұның барлығы басшының ішкі мәдениеті мен кәсіби көзқарасының айғағы.

Әр ұстаздан талап ете отырып, сол талапқа өзі де сай болу – көп басшыға үлгі боларлық қасиет. Ұжым үшін басшының қолдауы – үлкен тірек. Кәсіби қиындықтардан өту, өз-өзіне сенімді болу, шығармашылық тұрғыда өсу – осының барлығы әділ әрі жанашыр басшының арқасында жүзеге асады. Бұл қолдау кейде бір ауыз жылы сөзбен, кейде дер кезінде көрсетілген сеніммен, кейде үнсіз түсіністікпен көрінеді. Осындай адами қатынастың қадірін әсіресе ұстаздық жолдан өткен жандар жақсы біледі. Зейнеткер ұстаз ретінде бұл жолдардың авторы өмірінде әділдігімен, адамгершілік биіктігімен есте қалған санаулы басшыларды ғана атай аламын. Солардың бірі – осы Гүлбағда Есейханқызы.

Бұл – жай ғана кәсіби баға емес, жүректен шыққан алғыс, өмірлік ризашылық. Қорыта айтқанда, жақсы басшы – ұжымның айнасы. Ал ұстаздарға ұстаз бола білген, жүректен басқара білген басшы – елдің нағыз қазынасы. Жақсылардың кеудесі – алтын сандық десек, сол сандықтың ішіндегі асылдың бірі – Гүлбағда Әденова сынды тұлғалар екені даусыз.

Айшақұл Ыбрайым,
зейнеткер ұстаз

САҢЛАҚ САРДАР САБЫРЖАН ЕДІ...

Аты аңызға айналған жекпе-жек өнерінің саңлақ сардары Сабыржан Махмет ағамыз да өмірден өтіпті... Суық хабарды алғаш Азамат Тасқараұлы бауырымнан есіткенде, төбемнен жай түскендей болды... «Ауырып жүрген бе еді?» деп едім, «Осыдан он күн бұрын, ақпанның 6-сы күні телефонмен сөйлескен едік. «Бір аунап тұрдым, жақсы боп қалдым, бұйырса, жолығамыз» деп еді» деді. Алладан үкім келген екен, алдынан жарылқасын.

КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, КСРО және Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, КСРО әуесдестерінің 3 дүркін чемпионы, ережесіз жекпе-жекпен 9 дүркін әлем чемпионы, КСРО мен Қазақстанда кикбоксингтің іргетасын қалаушы, Дүниежүзілік «Жекпе-жек» қауымдастығының президенті де болған Сабыржан Махметті білмейтін қазақ жоқ шығар.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Сабыржанның аты дүрілдеп тұрды. «Жекпе-жек» федерациясының президенті болып, қазақ кикбоксингін негізін қалап, мәртебесін асқақтатты. Алғашқы кикбоксинг шеберлерінің бәрі Сабыржанның қол астынан шықты. Сабыржандарды қылмыс әлемінде билік ету үшін емес, қазақ жерін келімсектерден қорғау үшін қайрат көрсетті деп біледі көпшілік.

Сабыржанның ел ішіндегі беделінен қорыққан билік пен құқық қорғау орындары оған «бопсалаушы» деген айып тағып, 7 жылға соттады, соның 6 жылын ол абақтыда өткізді.

Сол кезде Шығыс Қазақстан облысында түрмеде отырған Сабыржан Махметті «қайтыс болды» деген қауесетпен, ұмытпасам «Караван» не «Время» газеттерінің бірі «Сабур уходит в небо» деген шулы мақала шығарды. Кейін мақала авторы түрмеге барып, Сабыржаннан кешірім сұрап, сұқбат алды. Сол кезде журналистің сұрауымен Сабыржан сақал алатын алмастың біреуін қорабынан шығарып, саусағымен шертіп қалғанда, қашықта тұрған картон қағазды тіліп түсті деп жазғаны есімізде.

Сабыржан ұлтшыл еді. Сондықтан ұлттық қоғамдық ұйымдардың басында жүрді. Саясаттағы спортшыларға тән доғалдау тірліктерімен серіктерімен тіл табыспай қалатын кездері де болып жататын. Бірақ тумасынан қулық-сұмдыққа жоқ ақкөңіл арда азамат ешқашан ешкімге кек сақтамайтын, ай қайласқандарын артынша ұмытып кетіп, олармен емінеркін араласып жүретін. Сол

кезенде «Халық рухы» партиясын құру үшін қол жинаған Мұхтар Шаханов ағамыздың жанынан табылды. Бұл туралы Мұқаннның өзі: «Бірде түнде серуендеп шықсам, артымнан екі жігіт ілесіп келеді – қайда барсам, сонда барады. Өзімді біртүрлі сезіндім. Бірақ олар: «Бізден қорықпаңыз, біз сіздің қоғамдық қорғаушыларыңызбыз, сізді күзетіп жүрміз», – деді» деп жазады. Олар Сабыржанның сарбаздары болып шыққан.

Сабыржан түрмеде жатқанда мен рухани қолдау болсын деп, «Жекпе-жек» сардары Сабыржан» атты жыр жазып, баспасөзге шыққан ол өлеңді Сабыржанның сенімді серіктерінің бірі түрмеге апарып берген. Содан Сабыржан түрмеден шыққасын, мені іздеп, телефон арқылы хабарласты жігіттері. Шымкентте жүргенде кездесіп қалып, сонда «Жекпе-жек» халықаралық сайыс өтіп жатқан, соған шақырып, мені жүлдегерлерді марапаттауға қосып, құрмет көрсетті. Содан бері ара-тұра хабарласып тұратын едік. 2004 жылы мен Оңтүстік Қазақстан облысынан парламент депутатына түскенде, саясаттың қазаны қайнап тұрған кез еді... Әсіресе, біз сайлауға түскен Шардара, Арыс, Отырар аудандары және Жетісай ауданының оншақты ауылы кіретін округта жағдай шиеленісіп тұрған болатын. Сол кезде Сабыржан хабарласып, «Менің оңтүстіктегі жігіттерім барлық кезде қасыңнан табылады» деп қайрат беріп, қолдау жасаған еді.

Сабыржан ағамыз кейінгі 3-4 жылда тек телефон арқылы ғана сирек хабарласып жүретін.

2020 жылы халық қазынасынан триллион үнемдеймін деп түрмеге түскен Ислам Әбішевтің соты өтіп жатқанда, хабардар ел қайта-қайта бізге хабарласып тұрды. Бір күні Сабыржан Махмет хабарласты. Қай жерде, қай елде жүрсе де «Қазақ үні» сайтына қарап жүретінін айтып, түрмеде жатқан Ислам Әбішев пен Серік Төкеевтің жағдайын сұрап, соттың қашан болатынын біліп алды. Өзі де кезінде жазықсыз сотталып, 6 жылдай абақтыда отырып, мерзімін өтеп шыққан адам ретінде түрмедегі екі азаматтың тағдырына алаңдап тұрғаны айқын аңғарылды. Қызу әңгімесінің арасында біреулерді жақсылап тұрып шетел тілінде сыбап алды... «Ислам Әбішев ағамызды бұрыннан асыл азамат ретінде сыртынан танытынмын. 2011 жылы Өскемен қаласы әкімі кезінде, облыс әкімі Бердібек Сапарбаев еді, Қазақстанның ұлттық спорт ойындарының республикалық фестивалын есретем ұйымдастырып өткізгені есімде. Одан кейін солай тамаша өткен фестиваль Қырымбек



ЖЕКПЕ-ЖЕКТІҢ САРДАРЫ

Сабыржан Махметке

*Әлемдік додаларда асты баған,
Таубұзар қайратыңнан тас құлаған.
Иттік пен иір мінез бақастықты
Кешірді даладай кең қасқыр ағам...
Халық та тұрқы бөлек тұлпарды ұққан.
Қараулық жасады екен кім тарлықтан?
Ұлтына ұлтандықты артық көрді,
Жұртына пайғамбардың сұлтандықтан...
Саңлаққа айналсын деп сәби кейін,
Ел үшін ерек жаның сағи, бейім,
Ділі мен діншілдігің хазіреттей,
Мәрттік пен қайсарлығың Мәдидейін.
Танысып едік өзің жайлы аңызбен,
Бар кезде артылмайды айла бізден.
Тар кезде табылмаймыз, пайдамыз кем...
Қапастан халық қалап, босайды ерім,
Қасқырдай қақпанын да шайнап үзген...
Батылы бағаланбай бұл күндері,
Әкімі бүйірді ойлап бүлкілдеді...
Ақыны төрде отырса, төре сөйлеп,
Батыры торда отыру мүмкін бе еді?..
Біртуар бұл өмірге бір келе ме,
Ендеше қолдамаймыз күнде неге?
Тартса да тауқыметін тар заманның,
Таймаған хақ жолынан түрмеде де...
Баһадүр қапы кеткен аңғал, ірі,
Алладан тілеген соң алда күні...
Нахаққа назар түсер деуші еді ғой,
Жетеді Жаратқанға жан дабылы...
Қайран күн өкінішпен өтті дедің,
Қайралдың, онсыздағы өткір едің.
Қаламым қалау сөзін төкті менің,
Құраннан қуат алған құрыш ағам,
Жырмен де жігерленсін деп тіледім!..*

1992 жыл

Көшербаевтың әкім кезінде Қызылорда облысында болды. Ал Исекең Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясы президенті болғалы бері қазақтың ұлттық спортына шын жанашырлығын

байқадым. Оның себебі - Қазақ күресінің қайраткері Серік Төкеевті өте жақсы білемін. Ал Серік болса, өзі бүгінгі күнгі биігіне жеткізген Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясының

тізгінін кез келген кісінің қолына ұстата қоймайды. Серік Төкеев кезінде Қазақ күресі ешкімге керек болмай қалған кезде бірі өзі бар ауыртпалығын көтеріп, бар күшін жұмсаған азамат! Біз де «Қазақ үні» сайтында араша сұрап, бәрі қолдап, президентке жазылған ашық хатқа қол қойып жатқан 250 мыңдай әлмен бірге қазақтың ардақты азаматтары Ислам Әбішев пен Серік Түкеевтің ісі әділ шешілуін тілейміз! Иссапарда жүргендіктен сотқа алдағы уақытта үлгерсем барып қатысамын. Ал ертеңгі болар сотқа Ақиқат пен Әділдік іздеген барша ұлтшыл азаматтар келуі тиіс қой!» - деген еді батыр да, батыл ағамыз. Біз де аты аңызға айналған атақты спорт тарланына Ақ жол тілеп, алғыс айтқан едік.

Сабыржан 2021 жылы Астанадағы «Алатау» спорт кешенінде Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы мен Ауған соғысы ардагерлеріне арналған «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясының қалалық ашық чемпионатын өткізді. Аты аңызға айналған арда қазақ, қиын кездерде ұлт намысын қорғап, жат жұрттықтарды шаңыраққа қаратқызып, бас идіріп қойған Сабыржан ағамыз мені осы астаналық чемпионатқа құрметті қонақ етіп шақырып, Алғыс хатын беріп, шапанын жапты. Мен ағамызды қазақтың дарынды ақыны, «Қазақ үні» ұлттық порталының бас редакторы Азамат Тасқараұлымен таныстырып, Сабыржан сол күні «Ақ жол» партиясы офисіне келіп, кең көлемді сұхбат берді. Содан бері кейінгі 5 жылда жекпе-жек өнерінің саңлақ сардары газетімізге оншақты сұхбат берген еді...

Сабыржан қазасына қайғырып, көңіл айтқан белгілі қаламгер Бейбіт Сапаралы «Сабыржан Махметов 1991 жылы Оралдағы казактардың әрекетіне батыл тойтарыс беруімен және қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, Қазақстанды бірұлтты мемлекет деп тануды жақтаған ұстанымымен ел есінде қалған тұлға. Қай жерде қазақ ұлтының мәселесі ушықса, сол жерден алдыңғы қатардан табылатын батыр еді. Сол батыр Сабыржан қасиетті Рамазан айының қарсаңында 67 жасында Раббысына қайтты. Құдай тағала біліп-білмей істеген барлық күнәларын кешіріп, мәңгілік мекенін жәннат етсін», - деп жазды.

Сабыржан Ғалымжанұлымен қоштасқан халық бүгін жаназасын Астанадағы бас мешіттен шығарыпты... Көкшетауға шығар жолдағы жаңа зиратта жаны жай тауыпты... Топырағы торқа болғай. Ауырып жүріп, бара алмай қалғаным, топырақ сала алмай қалғаным өкінішті...

Саңлақ Сабыржан арынды, арда азамат еді... Алды пейіш, арты қайырлы болсын! Құдай артындағы ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін. Отбасына, балаларына, туған-туыстарына көңіл айтамыз. Қазақ спортына көңіл айтамыз. Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА

**ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН МЕН САМАЛ
ЕСЛЯМОВА ТҮРКСОЙ МАРАПАТТАРЫН АЛДЫ**

Астанада ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының марапаттау рәсімі өтті. Қазақстанның халық әртісі Димаш Құдайберген түркі әлемі мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін ұйымның ең жоғары марапаты – «Түркі әлемінің мәдени елшісі» орденімен наградталды.

Ал актриса Самал Еслямова түркі және әлемдік кино өнеріне қосқан айрықша үлесі үшін «Түркі әлемінің үздік әртісі» номинациясы бойынша ТҮРКСОЙ-дың арнайы жүлдесіне ие болды.

Марапат иелерін Мәдениет және ақпарат министрлігі атынан вице-министр Айбек Сыдықов құттықтап, олардың жетістіктері қазақстандық өнердің халықаралық беделін арттырып отырғанын атап өтті.

ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев бұл марапаттар түркі әлемін өнер арқылы біріктіріп жүрген тұлғаларға көрсетілген құрмет екенін айтты.

Айта кетейік, Димаш Құдайберген бұл жоғары марапатты алған екінші тұлға. Бұған дейін ол атақ Нобель сыйлығының лауреаты Азиз Санджарға берілген.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЛЫ
(8-701-692-1340)

Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет "Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3
ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 ұй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор
Гүлмира Садық

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(A) – материалдың жариялану ақысы төленген

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ӨНЕРДЕ ӨРНЕКТЕЛДІ**

Көрмеге қазақстандық және шетелдік өнерпаздардың туындылары қойылды. Отандасымыз, фотограф Никита Басов көкпар ойынына қатысты түсірген 78 суретін назарға ұсынды.

– Көкпар – әлемде екі-ақ елде көруге болатын ерекше спорт. Оны шетелдерден көптеген турист тартатын құндылыққа айналдыруға болар еді. Жаһанды ұлттық мұрамызбен ғана таңғалдыра аламыз. Жалпы, мен ұлттық ойындарымызды, жылқыны қатты жақсы көремін. Бүгінгі көрмеге көкпарда түсірілген суреттерімізді қойдық. Болашақта өзге де ұлттық ойындарымыз жөнінде көрме ұйымдастырғым келеді, – деді Никита Басов.

Сондай-ақ астаналықтар ресейлік сәулетші әрі мүсінші Игорь Роговский жасаған жылқының екі мүсінін де тамашалады.

– Мүсіндер табиғи материалдан жасалған. Өсімдіктердің тамырлары өзен бетінде ұзақ уақыт қалқып жүреді. Мен оларды теріп, жинап, шеберханама әкелемін де, мүсіндер құрастырамын. Негіз бұл материалдан таңдайтынымды түсіндірейін. Біріншіден, өсімдік тамырлары суда ұзақ қалқып жүретіндіктен, су олардың нәзік талшықтарын шайып, тек берік бөлігі қалады. Екіншіден, олар иілгіш келеді. Әр тамырды кеспей, сындырмай-ақ, мүсінге жабыстыратын орын табу жеңіл, – деді Игорь Роговский.

**«ASTANA
SAZY-НЫҢ»
ӘУЕЗДІ КЕШІ**

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында Қазақ мемлекеттік фольклорлық «Astana sazy» ансамблінің «Аспаптар шеруі» атты жеке концерті өтті.

Ұжым көрерменге қазақ музыкасының бай мұрасын ұсынды. Байырғы дәстүрлі әуендер заманауи музыкамен үндесіп, фольк, этно-джаз, этно-панк және өзге де заманауи бағыттарда орындалды.

Кеште күйлер шертіліп, халық әндері шырқалып, мың бұралған бишілер мазмұнды заманауи қойылымдар қойды.

«Astana sazy» ансамблі тыңдарманды домбыра, қобыз, шертер, шанқобыз, дауырнай, сыбызғы, асатаяқ, сауылпаз, тұяқтас, қонырау және өзге де дәстүрлі аспаптардың үнімен таныстырып, қазақ өнерін көпшілікке наси-хаттап келеді.

**АСТАНАДА МЕРЕКЕЛІК
ХОР ШЫРҚАЛДЫ**

Балаларға қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған іс-шараға астаналық мектептердің 6–7 сынып оқушылары мен балабақша бүлдіршіндері қатысты.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, челлендждің мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру, эстетикалық тәрбие беру және хор өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

– Челлендж барлық қалалық білім беру ұйымдарында таңғы сағат 10:00-де басталды. №116 мектепте өткен хор челленджіне 6–7 сыныптардан құралған 70 оқушы қатысты. Биыл барлық мектептер үшін бір ғана ән таңдалды. «Анаға арнау» әнінің сөзін Р. Наурызбаева, ал әнін Ғ. Дауылбаева жазған. Бұл бастама шәкірттеріміздің аналарға деген шынайы құрметі мен ризашылығын білдіретін рухани іс-шараға айналды, – деді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Динара Айдарова.



Елорда мектептері мен балабақшаларында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында бір мезгілде мерекелік хор орындалды. Бұл туралы Астана әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға | қала үшін | ауыл/аудан үшін

5750,88 тенге

5974,32 тенге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 тенге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 тенге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 тенге.